

СЕКУНДПЕН САНАЛАТЫН ҚЫЗМЕТ

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ЖИ-мен САЛҒАН ДҰРЫС ПА...

6-БЕТ | САРАПТАМА



ЭНЕРГИЯ ТІЗГІНІН КІМ ҰСТАЙДЫ?

8-БЕТ | ШАРТАРАП

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Арлы адам – ең күшті адам. Өйткені ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойынсынбайды.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

№38
(4936)
Бейсенбі
2 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ОТАН ҚОРҒАУ – ҚАСИЕТТІ БОРЫШ

Ел мен жерді қорғау – әр азаматтың қастерлі борышы. Астана қаласы бойынша 1400 азамат әскерге шақырылады. Кеше «Жастар» сарайында жас сарбаздарды әскерге шығарып салуға арналған әскери-патриоттық іс-шара өтті.

Жиынға Қорғаныс министрлігі, ҰҚК Шекара қызметі, Астана қалалық әкімдігі басқармаларының өкілдері, әскери қызметшілер мен ардагерлер қатысты. Құзырлы мекеме өкілінің айтуынша, елордалық 21 сарбаз Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданына шекара қызметіне барады. Олар арнайы қауіпсіздік комитетінің талаптары бойынша іріктелді. Акцияға қатысқан 700-ден аса мектеп оқушыларына, «Жас сарбаз» жасөспірімдер мен балалар ӘПК тәрбиеленушілері, курсанттар мен мерзімді әскери қызметшілерге техника, қару-жарақ түрлері, киім үлгілері қойылған көрме ұсынылды.

Сонымен қатар былтырғы көктемгі шақырылымда әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып келген 35 сарбазды елорда тұрғындары ерекше ықыласпен қарсы алды.



ЖҰМЫС ТАБУ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Астанада қала тұрғындарына қолайлы болу мақсатында Мансап орталығы енді үш жерде ашылды.

Үш ай ішінде Мансап орталығының жұмыспен қамту шараларымен 5 160 адам қамтылды, оның ішінде 2560-ы – жастар. Мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ түлектерге «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша айлығы 130 мың теңге болатын жұмыс ұсынылады. Қазіргі уақытта 400-ден астам жұмыс беруші Жастар практикасы бойынша 1500 бос жұмыс орнын ұсынып отыр.

50 жастан асқан азаматтарға «Күміс жас» бағдарламасына қатысу ұсынылады. Бұл бағдарлама аясында 3 жылға дейін жұмысқа орналастырып, мемлекет тарапынан жалақының 70%-ына дейін субсидия беріледі. Кадрларға қажеттілігі бар жұмыс берушілер қысқа мерзімді курстар арқылы мамандар даярлауға өтінім бере алады. Әлеуметтік осал топтарға қайтарымсыз гранттар қарастырылған. Қолдау көлемі 400 АЕК-ке дейін (шамамен 1,5 млн теңге) жетуі мүмкін. Enbek.kz электрондық еңбек биржасында 1 900 ұйымнан 5 000-нан астам бос жұмыс орны орналастырылған.

МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ МЫНА ОРЫНДАРДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ:

• Есіл-Нұра аудандарының Мансап орталығы (Достық даңғылы, 13);

• Сарыарқа-Байқоңыр аудандарының Мансап орталығы (Бейбітшілік көшесі, 9);

• Алматы-Сарайшық аудандарының Мансап орталығы (А.Байтұрсынұлы к., 29/2).




2025 жылдың қорытындысы бойынша Astana Hub резиденттері 32,5 мыңнан астам жұмыс орнын ашты.

Әлемнің 111 еліне IT-қызметтерді экспорттаумен 537 компания айналысады. Экспорттың жалпы көлемі 328 млрд теңгеге жетті, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 44%-ға артық.



1 сәуірде елімізде коммуналдық қызмет тарифтері мен АИ-92 бензині және дизель бағасының өсуіне қойылған мораторий өз күшін жояды. Аталған шектеу 2025 жылдың қазан айынан бастап енгізіліп, бірінші тоқсанның соңына дейін болды.



UMC жүрек орталығының дәрігерлері елімізде тұңғыш рет жасөспірімге басқа адамның жүрегін салды.

15 жасар бала 10 жыл бойы жүрек ауруымен ауырған. Ол үнемі ауруханаға жатқызылып, ем-дом жасалған соң қайта үйіне жіберіліп отырған. Үлкен қиыншылық көрген науқасқа 43 жастағы ер адамның жүрегі салынды. Әлгі адам қайтыс болған соң туыстары ағзасын донор ретінде пайдалануға келісім берген. Ізгі жандардың оң шешімінен кейін дәрігерлер жүрек ауыстыру отасын сәтті жүзеге асырды. Жаңа жүрек салынған адамның ахуалы бірқалыпты.

№38 (4936) 02/04/2026 Бейсенбі

АҚОРДА



ЫҚЫЛАСЫ МЕН СӘЛЕМІН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясы Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы елшісі Файсал Әл-Кахтаниді қабылдады. Президент Қазақстанның Сауд Арабиясымен ынтымақтастықты жан-жақты нығайтуға айрықша мән беретінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тақ мұрагері, Сауд Арабиясының Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл Саудтың екі елдің сан қырлы ықпалдастығын ілгерілетуге қосқан елеулі үлесін айрықша атап өтті. «Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман – шын мәнінде, жаһандық ауқымдағы мықты әрі беделді көшбасшы. Оның өз Отанын өркендетуді көздейтін көреген әрі прогрессивті стратегиясы, сондай-ақ халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту ісінде атқарған рөлі ең жоғары баға мен құрметке лайық» деді Қазақстан Президенті. Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхаммед бен Салманды Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақыратынын растады.

Файсал Әл-Кахтани өз елінің Қазақстан Республикасымен стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдетуге бейіл екенін айтты. Ол жақында қол қойылған Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім, сондай-ақ екі ел арасында Координациялық кеңес құру тиімді байланыстарды жандандыруға жол ашатынына назар аударды. Бұдан бөлек, дипломат Таяу Шығыстағы күрделі ахуалға байланысты Қазақстан Президентінің көрсеткен жан-жақты қолдауына Сауд Арабиясы басшылығының шынайы ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар Қазақстанның бітімгерлік келіссөздерді киелі Түркістан шаһарында өткізу туралы бастамасының өзекті екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтың тұрақтылығын, қауіпсіздігі мен орнықты дамуын қамтамасыз ету әрекеттеріне алдағы уақытта да жәрдемдесуге әзірлігін, сондай-ақ Сауд Арабиясына және Шығанақтағы барлық елдерге тілектестігін білдірді.

Кездесу соңында Президент Қос киенің сақшысы, Сауд Арабиясының Королі Салман бен Әбделазиз Әл Саудқа және Тақ мұрагері, Премьер-министр Мұхаммед бен Салман Әл Саудқа ыстық ықыласы мен сәлемін жолдап, бауырлас Сауд Арабиясы халқына бақ-береке тіледі.

ЦИФРЛЫҚ САУАТ ДЕҢГЕЙІМІЗ ҚАНДАЙ?

Ұлттық статистика бюросы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелерін жариялады. Сауалнамаға 21 000 үй қатысқан. Респонденттердің жасы 16-74 жас аралығын қамтиды.

Сауалнама нәтижесі бойынша халықтың 88,2% компьютерді, ноутбукты немесе планшет, мобильді телефон сияқты технологияларды пайдаланады. Осы жас санатындағы интернетті пайдаланушылардың үлесі – 95,6%.

Халықтың цифрлық сауатының деңгейі, соның ішінде жеке компьютерді, смартфонды, планшетті, ноутбукты, стандартты бағдарламаларды пайдалану, сондай-ақ интернет арқылы қызметтер мен сервистерді алу дағдылары бар пайдаланушылардың үлесі – 92,4%. Сауалнамаға қатысушылардың арасында ұялы телефон пайдаланушылардың үлесі – 99,5%, кабельдік теледидар – 21,2%, спутниктік теледидар – 18,9%, үстел компьютері – 27,9%, ноутбук – 59%, планшет 32%-ды құраған.

Респонденттердің басым бөлігі, яғни 79,5%-ы «ақпарат жариялау немесе хабар алмасу» мақсатында интернетті пайдаланады. 69,5%-ы әлеуметтік желіге контент жүктесе, 43,1%-ы фильм, музыка және ойын өнімдерін тұтынады. Интернет арқылы тапсырыс берген пайдаланушылардың үлесі – 32,1%. Ең көп тапсырыс берілген тауарлар: киім мен аяқ киім (71,3%), азық-түлік (45,2%), косметика және тұрмыстық тауарлар (әрқайсысы 33,2%).



ҮКІМЕТ

АСТАНАДА 8 ЖОБА ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жаңа Конституцияда еліміздің даму болашағын айқындайтын аса маңызды стратегиялық бағдар ретінде бекітілген инновацияларды дамыту мәселесі қаралды.

Жиында Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев институционалдық базаны қамтамасыз ету, ғылымға инвестиция тарту және отандық әзірлемелерді өндіріске енгізу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

киловольттық кернеулі шунттаушы реакторды әзірлеуге бағытталған. Жоба импорттық баламаларды алмастырып, 23 реакторды қолданысқа енгізуге мүмкіндік берді. 319 миллион теңге көлеміндегі грант нәтижесінде 16 миллиард теңге көлемінде экономикалық әсерге қол жеткізілді.

Сондай-ақ стартаптарды қолдаудың маңызды құралдарының бірі ретінде Tumar табысты жүзеге асырылуда. Бағдарлама 2024 жылғы қыркүйектен бері жұмыс істеп келеді. Осы уақыт ішінде 3 лек өткізіліп, жасанды интеллект саласында 35 ЖИ-стартап құрылды. Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп Astana Innovations Accelerator бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама стартаптарды қалалық ортада пилоттық түрде енгізуге және оларды кейін коммерциялық



Жаслан Мәдиевтің айтуынша, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі салалық инновацияларды дамыту аясында төрт негізгі бағыт бойынша үйлестіру жұмыстарын жағдайлар қалыптастыруда. Олар – өнімді инновацияларды ынталандыру, жер қойнауын пайдалану саласына инновациялық шешімдерді енгізу, Astana Hub платформасы арқылы инновациялық экожүйені дамыту және инновацияларды тарту орталығы ретінде экспоненциалды кластерді қалыптастыру. «2025 жылы «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасы табысты аяқталды. Жобаны жүзеге асырудың жиынтық экономикалық әсері 53 миллиард теңгеден асты. Бұл қарыз қаражатының әрбір теңгесіне екі есе қайтарым алуға мүмкіндік берді. Жоба аясында 90-нан астам инновациялық жоба қаржыландырылды. Технологияларды коммерцияландыру көлемі 35 миллиард теңгеден асты. Tumar Ventures венчурлік қоры құрылды. Жобаны жүзеге асыру қорытындысы бойынша: 9 миллиард теңгеден астам жеке инвестиция тартылды, 600-ден астам жаңа жұмыс орны ашылды, бюджетке елеулі көлемде салық түсімдері түсті» деді ол.

Жоба аясында экономикалық қайтарымы жоғары бастамалар қолдау тапқан. Соның бірі – өсімдіктерді қорғауға арналған отандық биопрепараттар өндіретін EcoSave жобасы. Жоба өнімділікті 15%-ға арттыруға және пестицидтерді қолдануды азайтуға мүмкіндік берген. Сонымен қатар өндіріс көлемі 760 мың литр өнімге дейін ұлғайтылды. 110 миллион теңге көлеміндегі мемлекеттік грант есебінен 1,8 миллиард теңге көлемінде экономикалық әсерге қол жеткізілді. Тағы бір табысты мысал – Asia Trafo жобасы. Ол мониторинг жүйесімен жабдықталған 500 Ventures венчурлік қоры құрылды. Қордың жалпы көлемі 8,9 миллиард теңгені құрайды, оның ішінде: 4,2 миллиарды – мемлекеттің үлесі; 4,7 миллиарды – жеке инвестициялар. Бұл инновацияларды дамытуға жеке капиталды тартуды қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда Қор 22 теңгерімді стартапты қаржыландырды. Бұл ретте портфельдік компаниялардың бастапқы бағалануы $215 млн құраса, қазіргі бағалануы $457 млн-ға жетті. Яғни 2 еседен астам өсім көрсетуде. Нақты мысалдар осы серпінді растайды. Айта кетсек, JobEscape жобасы $3 млн-нан $32 млн-ға дейін, ал zypl.ai $10 млн-нан $80 млн-ға дейін өсті.

«Мемлекеттік шараларының қолдау ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында astanahub.com платформасы негізінде Ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай терезесі іске қосылды. Қазақстанда алғаш рет ғылыми инфрақұрылым деректері цифрландырылды. Олардың қатарында жабдықтар, зертханалар, оларды сатып алу және ғылыми-зерттеу институттарының паспорттары туралы мәліметтер бар. Қазір платформада 2000-нан астам IT-компания, 100-ден астам өнеркәсіп кәсіпорны, 900-ден астам ғылыми ұйым мен зертхана біріктірілген. 2025 жылы порталға 1,7 миллион пайдаланушы кірді, ал жалпы қаралым саны 35 миллионнан асты» деді вице-премьер.

Оның айтуынша, Astana Hub инновациялық және технологиялық кәсіпкерлікті дамытуда негізгі институт болып қала береді. Бұл бағыттағы маңызды құралдардың бірі – акселерациялық бағдарламалар. Жасанды интеллект саласындағы стартаптарды идеядан бастап MVP әзірлеуге және алғашқы инвестицияларды тартуға дейін қолдауға бағытталған AI'preneurs бағдарламасы келісімшарттарға шығаруға бағытталған. Іріктеу қорытындысы бойынша 8 стартап қаржыландыру алды.

«Инновациялық инфрақұрылымды дамытудың келесі маңызды кезеңі – EXPO аумағын заманауи технологиялық кластер – Exponential Cluster-ге айналдыру. Exponential Cluster – ғылым, технологиялық стартаптар мен индустрия біртұтас экожүйе аясында тоғысатын үлгілі инновациялық алаң. Қазіргі уақытта кластер аясында мамандандырылған орталықтар желісі қалыптасуда. Мысалы: Robotics, DroneTech, GameDev, Cybersecurity, MedTech, AgriTech, Industry 4.0 және Cybersport. Атап айтқанда, Робототехника орталығында гуманоид роботтар зертханасы іске қосылды, қашықтан басқару және AlemLLM жүйесімен интеграция жүзеге асырылды, қолданбалы әзірлемелер жүргізілуде. Сонымен қатар Дрондар орталығында Phygital-арена мен дрон операторларын даярлауға арналған инфрақұрылым құру аяқталуға жақын. Қалған бағыттар бойынша индустриялық серіктестермен бірлескен пилоттық жобалар пысықталуда. Жалпы, барлық орталықтарды іске қосуды ағымдағы жылы аяқтау жоспарланып отыр» деді ол.

Ұшқышсыз технологияларды дамытуға ерекше назар аударылуда. Қазақстанда халықаралық технологиялық компаниялардың қатысуымен ұшқышсыз автомобильдер бойынша эксперименттік жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Жобаны жүзеге асыру мерзімі – 2026 жылдың II тоқсаны. Бұдан бөлек, жеке бастама аясында дрон арқылы жеткізу қызметін енгізу жөніндегі пилоттық жоба жүзеге асырылуда. Аталған бастамалар қалалық мобильділік пен логистиканың жаңа модельдерін сынақтан өткізуге мүмкіндік береді.

ҚЫРҒЫЗСТАНДЫҚТАР ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

Елордада коммуналдық қызметтерді цифрландыру бағытында жүзеге асырылып жатқан жобалар шетелдік мамандардың да қызығушылығын арттыруда. Астанаға Қырғыз Республикасының Бішкек қаласынан арнайы делегация келіп, «Астана Тазалық» ЖШС-нің жұмысымен және заманауи технологияларымен танысты.



Делегацияға таныстырылған негізгі жүйелердің бірі – электронды жол парағы. Бұл жүйе арнайы техниканың қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Соның арқасында техниканың жүріп өткен бағыты, атқарған жұмысы және пайдаланылған материал көлемі толық қадағаланады. Мамандардың айтуынша, мұндай жүйе коммуналдық қызметтердің ашықтығын арттырып, жұмыс тиімділігін еселейтін маңызды құрал саналады. Айта кетейік, бұл жоба бұған дейін Алматы қаласында да талқыланып, бүгінде енгізу кезеңіне өткен.

Бішкектен келген делегация өкілдері елордадағы тәжірибені өз қаласында қолдануға ниетті. Олардың пікірінше, цифрландыру – коммуналдық саладағы түйткілдерді шешудің тиімді жолдарының бірі.

«Бұл сапардағы негізгі мақсатымыз – цифрландыру бағытындағы тәжірибемен танысу және оны өз жұмысымызда қолдану. Осы ретте «Астана Тазалық» мекемесінің қызметімен танысып, бірқатар тиімді жобаларды көрдік. Әсіресе, коммуналдық техниканың қозғалысын онлайн бақылау жүйесі жоғары деңгейде дамыған. Мұндай цифрлық шешімдер қалалық қызметтердің жұмысын оңтайландырып, ашықтықты қамтамасыз ететіні анық. Сонымен қатар, қысқы кезеңдегі жұмыстарды ұйымдастыру, қар тазалау және реагенттерді қолдану тәсілдері де айтарлықтай жетілдірілген. Бұл тәжірибелерді біз Бішкек қаласының әкімдігіне ұсынып, өз қаламызда енгізу мүмкіндігін қарастыратын боламыз. Жалпы, бұл сапар біз үшін пайдалы ақпарат пен жаңа тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді» деді Бішкек қаласы «Тазалық» муниципалдық мекеме басшысының орынбасары Иманакунова Бааркан Мелисовна.

Жалпы, мұндай тәжірибе алмасу екі ел арасындағы әріптестікті нығайтып қана қоймай, қалалық инфрақұрылымды дамытуда жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

Астана қаласы әкімдігінің «№5 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде» «Аутизм мәселелері және балалардың психологиялық денсаулығын сақтау» тақырыбында ашық есік күні өтті.

Шапағат ӘБДІР

Онда ата-аналарға балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы кеңінен ақпарат беріліп, олармен тиімді қарым-қатынас орнату, дұрыс қолдау көрсету әдістері түсіндірілді. Мамандар әр баланың жеке дамуы мен мінез-құлқына сай жұмыс жүргізудің маңыздылығына тоқталды.

Ашылғанына бір жыл толған мекеменің жобалық қуаттылығы жылына 150-200 баланы қамтуға есептелген. Жалпы ауданы 625 шаршы метрді құрайтын орталықта заманауи әдістемелік және дидактикалық материалдармен жабдықталған 10 арнайы кабинет жұмыс істейді. Бұл кабинеттер балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға бағытталған.

Орталықта түрлі бағыттағы білікті мамандар қызмет етеді. Атап айтқанда, мұғалім-логопедтер, дефектологтар, педагог-психологтар, бейімделген дене шынықтыру нұсқаушылары, музыка жетекшісі, сурдопедагог, тифлопедагог және ерте қолдау тобының тәрбиешілері балаларға кешенді көмек көрсетеді. Барлық мамандар арнайы оқу орталықтарынан өтіп, кәсіби біліктілігін арттырған.

«Біздің түзету кабинеттерінде әртүрлі бағыттағы мамандар жұмыс істейді. Орталық еуростандарттарға сай жабдықталған. Әрбір маман баланың жеке психологиялық ерекшеліктеріне қарай қызмет көрсетеді. Мысалы, тұрмыстық бағдарлау кабинетінде балаларға күнделікті өмір дағдылары үйретіледі. Олар тамақ дайындауды, кір жууды, тұрмыстық техникаларды қолдануды меңгереді. Сондай-ақ біздің түзету кабинетіміздің басты ерекшелігі – заманауи түзету әдістерін қолдану. Атап айтқанда, сенсорлық интеграция, ABA-терапия элементтері және Floor Time әдістемесі кеңінен енгізілген. Бұл тәсілдер балалардың сенсорлық қабылдауын, мінез-құлқын және әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мекеме сенсорлық интеграция бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қажетті барлық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Бүгінгі таңда орталығымызда алғашқы жұмыс циклі сәтті аяқталып, оның аясында шамамен 141 бала түзету бағдарламасынан өтті. Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға командалық бағалау жүргізіліп, әрқайсысына жеке даму бағыты айқындалуда» дейді орталық басшысы, логопед маман Гүлжанар Ахаева.

БАЛА ЖҮРЕГІ – ӨНЕР ӘЛЕМІ

Кеше Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күнінде елордадағы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Бала жүрегі – өнер әлемі» тақырыбында шеберлік сағаты ұйымдастырылды.



Индира БЕРЖАНОВА

Іс-шара балалардың шығармашылығын дамытып қана қоймай, олардың өзін еркін сезінуіне, қоғаммен байланыс орнатуына ықпал етуге бағытталды. Бүгінде Оқушылар сарайында 150-ге жуық ерекше бала түрлі үйірмелерге қатысып келеді.

«Баланың дамуына ешқандай шектеу қоймаймыз. Сондықтан бұл бағыттағы іс-шаралар жиі өткізіледі. Ал осы шеберлік сағатында балалар ата-аналарымен бірге фетр матасынан түрлі бұйымдарды әзірледі, оған білікті педагогтер жетекшілік етті» деді өз сөзінде Оқушылар сарайының әдіскері Гүлсара Оспанова.

Шеберлік сағаты қоғамда аутизм туралы түсінікті кеңейтіп, ерекше балаларға деген жанашырлық пен қолдауды арттыруды мақсат етті. Әрі сол арқылы баланың ұсақ моторикасын жетілдіріп, ата-анамен қарым-қатынасты нығайтуға септік етті. Мұны жиынға қатысқан тұрғын Анар Дінмұхамедова да растады.

– Мұндай кездесулерге алты жасар қызыммен тұрақты түрде қатысамыз. Қызымның ортаға сіңісіп, өзін еркін ұстауына, бойында жаңа қабілеттерді ашуға жақсы септігін тигізуде. Негізінде осындай кездесулердің жиі өткені қажет дер едім, – деді ата-ана.

Астана қаласы Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті ішкі сауданы дамыту және реттеу, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау бағытында мемлекеттік саясатты жүзеге асырып келеді. Осы ретте азаматтардың өтініштерін қарау – негізгі басымдықтардың бірі.

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАЙДЫ

Елорданың Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте департамент басшысының орынбасары Жанат Асантаев ведомствоның 2026 жылдың I тоқсанында атқарған жұмыстарының қорытындыларын баяндады.

– 2026 жылдың алғашқы үш айында департаментке барлығы 3284 өтініш келіп түскен. Оның ішінде 3006 өтініш «Е-өтініш» платформасы мен электрондық үкімет порталы арқылы жолданған. Түскен өтініштердің 769-ы өз құзыреті шегінде басқа мемлекеттік органдарға жіберіліп, 433 өтінішке түсініктеме берілген, ал 1054 өтініш қанағаттандырылды. Қабылданған шаралар нәтижесінде тұтынушыларға қайтарылған ақшалай қаражаттың жалпы сомасы 48,4 миллион теңгені құраған. Бұл көрсеткіш республика бойынша жоғары нәтижелердің бірі саналады. Халықпен кері байланыс жұмыстары да жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Мәселен, Telegram-бот арқылы 55 сұраныс қабылданып, тұтынушыларға тиісті түсініктемелер берілген. Сондай-ақ азаматтарды жеке қабылдау барысында 116 азаматтың мәселесі тыңдалып, жедел желі телефонына 107 қоңырау түскен. Әрбір өтініш бойынша заң талаптарына сәйкес кеңес ұсынылған, – дейді спикер.

Салалар бойынша талдау көрсеткендей, өтініштердің басым бөлігі бөлшек сауда саласына тиесілі – 619 өтініш. Сонымен қатар, білім беру саласында – 420, медициналық қызмет көрсету бойынша – 415, байланыс саласында – 311, электрондық саудада 489 өтініш тіркелген. Бұдан бөлек, тұрмыстық қызмет көрсету саласы бойынша 236, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында 101, қоғамдық тамақтандыру бойынша 71, туристік қызметтерде 49, көлік қызметінде 24, қаржылық қызмет көрсету саласында 20 өтініш түскен. Ал өзге санаттағы өтініштер саны 529-ды құрады.

Осы жылдың үш айында департамент 48 кәсіпкерлік субъектісіне тексеріс жүргізген. Нәтижесінде тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылу фактілері анықталып, 48 кәсіптік субъектісіне айыппұл салынған. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында халық арасында түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Департамент мамандары азаматтарға кеңес беріп, тұтыну сауаттылығын арттыруға бағытталған жұмыстарды жүзеге асыруда. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде ақпараттық жарияланымдар тұрақты түрде орналастырылып келеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҮЙРЕТТІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру аясында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 2-3 курс студенттері үшін қаржылық қауіпсіздік тақырыбында лекция өткізілді. Лекцияны ұйымдастырушы – Астана қаласы Экономикалық тергеп-тексеру департаменті. Іс-шараға шамамен 300 студент қатысты.



Кездесудің негізгі мақсаты – студенттерді 2026 жылғы Ұлттық қаржылық қауіпсіздік олимпиадасына қатысу мүмкіндіктері туралы хабардар ету. Олимпиаданың басты міндеттері – жастардың қаржылық қауіпсіздік саласындағы тұрақты білім мен дағдыларын қалыптастыру, сыни ойлау қабілетін дамыту, сондай-ақ заманауи экономикалық қауіптер туралы хабардарлығын арттыру.

Студенттерге Олимпиадаға қатысу жолдары жан-жақты түсіндіріліп, жобаға белсенді қатысуға шақырылды. Бұл іс-шара тек жеке дамуға ғана емес, сонымен бірге еліміздің қаржылық қауіпсіздігін нығайту үшін де маңызды екені атап өтілді.

Лекция барысында қазіргі қаржылық қауіптерге қатысты өзекті мәселелер де қаралды. Оған дропперлік, дипфейктерді пайдалану және басқа жаңа алаяқтық схемалар кіреді. Қатысушыларға құқыққа қарсы әрекеттерге тартылу механизмдері түсіндіріліп, өз қаржысы мен жеке деректерін қорғауға арналған практикалық кеңестер берілді. Осындай іс-шаралар жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға, жеке және қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауға ықпал етеді.



№38 (4936) 02/04/2026 Бейсенбі

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ІЗДЕНІС ПЕН НӘТИЖЕ

Бүгінде елорданың білім беру жүйесін 421 278 баланы қамтыған 988 ұйым құрайды. Оның ішінде 266-сы – мемлекеттік, 722-сі – жекеменшік.









МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ

Демографиялық өсім ең алдымен мектепке дейінгі білім беру жүйесінде байқалады. Бүгінгі таңда қалада 67 780 тәрбиеленушісі бар 716 балабақша жұмыс істейді. Оның ішінде 101 мемлекеттік, 612 жекеменшік және 3 ведомстволық балабақша бар. Орын тапшылығын шешу мақсатында өткен жылы 620 орынға арналған 2 мемлекеттік балабақша пайдалануға берілді. 2026 жылы 2 099 орынға арналған 7 балабақша ашылады деп күтілуде (750 орынға 3 мемлекеттік және 1349 орынға 4 жекеменшік).

Орта білім беру саласында бүгінде елордада 205 мектеп жұмыс істейді, онда 314 964 оқушы білім алуда. Оқушылардың саны өткен оқу жылмен салыстырғанда 32 мың (282 150) оқушыға артты. Болжам бойынша осы жылдың 1 қыркүйегінде оқушылар саны 330 мыңға жуықтайды. Бұл жүйелі түрде жыл сайын 10-13 жаңа мектепті пайдалануға беруді талап етеді.

Оқушы орындары тапшылығын жүйелі шешіп, болашақта үш ауысымды мектептерді болдырмау үшін алдағы үш жылда 110 мыңнан астам орынға 58 мектептің құрылысы жүргізілетін болады. Оның 15 672 (екі ауысымда) орынға арналған 12 мектебі осы жылы қолданысқа беріледі (5 950 орынға 10 мектеп – БИЖ, 3 772 орынға – 2 жекеменшік мектеп).

Өткен жылдан бері мектептерді реновациялау жұмыстары жүзеге асырылуда. Бүгінде 6 мектеп толық реновациядан өтті (№1, 14, 21, 35, 61, 69). Биыл тағы 6 мектепте (№4, 13, 22, 24, 31, 41) жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Оқу жылының бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша білім сапасы 60%-ды құрады. Пәндік бағыттар бойынша білім сапасының орташа деңгейі: жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша – 69%, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша – 75%.

Педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру үшін «Профессорлық сабақ», «Шеберден тәлім», «Сатылай кешенді оқу» және «Бітібаева әдістемесі» жобалары іске асырылуда.

ИНКЛЮЗИЯ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ

85 мектепте, 33 балабақшада, 3 колледжде инклюзияны қолдау кабинттері жұмыс істейді. Биыл 2 түзету кабинеті мен аутизм орталығын ашатын боламыз. Сондай-ақ 800 орынға арналған №4 арнайы мектептің құрылысы басталады. Техникалық және кәсіптік білім беру саласында инклюзивті білім беруді дамыту мақсатында инклюзивті білім беруді әдістемелік сүйемелдеудің ресурстық орталығы құрылды. Екі колледж «Логопедия» мамандығы бойынша лицензия алды, М.Жұмабаев атындағы Халықаралық колледжде педагог-ассистенттерді даярлайтын «Жеке сүйемелдеуді ұйымдастыру» бағдарламасы ашылды.

Қазіргі уақытта қосымша білім беру желісі 14 мемлекеттік, 588 жекеменшік ұйымды құрайды, жалпы қамтылғандар саны – 215 913 бала (83,1%). Qosymsha.kz платформасы арқылы бірыңғай мемлекеттік тапсырыс іске асырылуда. Бүгінгі таңда ваучермен 69 064 бала қамтылды. Оның ішінде мемлекеттік ұйымдарда – 25 172 бала, жекеменшік ұйымдарда – 43 892.

Ваучерлік қаржыландырудың қанатқақты моделі шеңберінде 588 жекеменшік ұйымда балалар үйірмелер мен секциялардың 244 түрі бойынша қосымша білім беру қызметтерін алады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Астана қаласында 2024-2025 жылдары 3 қосымша білім беру нысаны пайдалануға берілді. Жалпы сыйымдылығы 4 мың орындық екі көпфункционалды кешен («Sanabilim» – 2 мың орын, «Sana Sport» – 2 мың орын) және 750-орынға арналған көпфункционалды TANYM кешені ашылды.

2026 жылы 1500 орынға арналған 2 көпфункционалды кешені және жеке инвестициялар есебінен музыкалық мектеп пайдалануға беріледі. Олар:

– Ақан Сері және С 189 көшелері – 750 орын;

– М.Төлебаев көшесі – 750 орын;

– Сығанақ 17/41 көшесінде 2 мың орынға арналған «BIART» кретив индустрия мектебі.

2027-2029 жылдары 6000 орынға тағы 8 нысанды іске қосу жоспарланған (әрқайсысы 750 орыннан тұрады).

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ

Биыл қала колледждерінде кадрлар даярлауға 10 мың мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылды. Оның ішінде жұмысшы мамандықтарына 3 146 орын, орта буын және қолданбалы бакалавриат бағдарламалары бойынша 6 854 орын қарастырылды. 2025 жылы ландшафтық дизайн, бау-бақша шаруашылығы, флорист-гүл өсіруші, техник-гидрогеолог, педагог-ассистент, логопедия, сәндік-қолданбалы өнер және халық кәсіпшілігі секілді жаңа мамандықтары бойынша оқыту басталды. 2026 жылы үш жаңа мамандық ашылады (қашықтан басқарылатын авиациялық жүйелер, сметалық іс, энергетика).

Дуальды оқыту жүйесі де белсенді дамып келеді. Оның аясында 22 колледж, 647 кәсіпорынмен 11 734 шарт жасалды. Мемлекеттік тапсырыспен білім алушылардың 45% дуальды оқыту жүйесімен білім алуда.

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында 10-11 сынып-тардың 155 оқушысы аспазшы, наубайшы, шаштараз, флорист және электр-газ дәнекерлеуші кәсіптері бойынша колледж базасында жұмысшы біліктіліктерін алды.

Сонымен қатар, колледждердің әлеуметтік серіктестерімен бірлесіп «Дағдыларды игеру фабрикасы» кондитерлік академиясы (Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі), Құрылыс-техникалық колледж базасында травматология мен ортопедияға арналған медициналық бұйымдарды шығару бойынша бірлескен өндірістік алаң ашылды.

Жүргізіліп жатқан жұмыс мамандарды даярлау сапасын арттыруға және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға бағытталған.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Елордада кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша мақсатты және жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі таңда ювеналды полицияның есебінде 209, ал мектепішілік есепте 702 оқушы тұр.

Қабылданған кешенді шаралардың арқасында 2026 жылдың басынан бастап кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар саны 57,1%-ға (63-тен 27-ге дейін), ал кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтар саны 38,5%-ға төмендеді.

Барлық білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жоспарлар бекітілді, мектептің профилактикалық кеңестері жұмыстары жүйеленді. Оқу жылы ішінде 3000-нан астам профилактикалық отырыстар өткізілді және 3500-ден астам жеке жағдай қаралды.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін полиция, прокуратура және басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп мобильдік топтар құрылды, рейдтік іс-шаралар («Түнгі қаладағы балалар»), ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілуде, сондай-ақ «DosbolLIKE» буллингтің алдын алу бағдарламасы іске асырылуда.

«Заң және тәртіп» жобасы аясында 3 200-ден астам профилактикалық іс-шаралар өткізіліп, 250 мыңнан астам білім алушы қамтылды.

«АДАЛ АЗАМАТ» – БІРЫҢҒАЙ ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

2023-2024 оқу жылынан бастап барлық білім беру ұйымдары меншік нысанына қарамастан «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбие жұмысы іске асырылып келеді.

Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында тәрбие компоненті күшейтіліп, білім берудің барлық деңгейінде тәрбие жұмысының сабақтастығы қамтамасыз етілді.

Өткен оқу жылында іске қосылған «Апта күндері» мектеп жобасы да маңызды нәтижелер көрсетті, оның шеңберінде аптаның әр күні тақырыптық бағыт болып анықталды (этика, денсаулық, кәсіптік бағдар беру, тазалық және ұлттық дәстүрлер күні).

Сондай-ақ білім беру ұйымдарында балалардың шығармашылық, зияткерлік және әлеуметтік әлеуетін дамытуға ықпал ететін «Қамқор», «Еңбек адал жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Балалар кітапханасы» және «Smart Bala» жобалары табысты іске асырылуда.

Елордалық білім алушылардың оқыту, тәрбиелеу және құқықтарын қорғау сапасын одан әрі арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс жалғастырылады.

Қасымхан СЕНҒАЗЫЕВ,
Астана қаласы Білім басқармасының басшысы

БҮГІНДЕ ЕЛОРДАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН 421 278 БАЛАНЫ ҚАМТЫҒАН 988 ҰЙЫМ ҚҰРАЙДЫ

- 716 БАЛАБАҚША БАР
- 67 780 ТӘРБИЕЛЕНУШІ
- 205 МЕКТЕП БАР
- 314964 ОҚУШЫ БІЛІМ АЛУДА







СЕКУНДПЕН САНАЛАТЫН ҚЫЗМЕТ

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Астананың қарбалас тіршілігі қайнап жатқанда, бір сәтке де босаңсымайтын қызмет бар. Олар адам өмірін арашалап, қауіптің дәл ортасында жүреді. Күні кеше сондай мекеменің бірі, яғни №6 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне барып, тынысымен танысып қайттық.

БАТЫР ЕСІМІ БЕРІЛГЕН БӨЛІМ

Асқар Забикулиннің есімі берілген №6 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі елордаға Нұра ауданында орналасқан. 2013 жылдың ақпан айында жұмысын бастаған мекемеге 2023 жылы ерлігімен ел жадында қалған батыр Асқар Забикулиннің есімі берілген еді. Бұл жай ғана атау емес, бұл – әрбір қызметкерге артылған үлкен жауапкершілік пен сенім.

Бөлім аумағына кірген сәттен бастап тәртіп пен дайындық бірден байқалады. Мұнда бәрі – есеппен, бәрі бақылауда. Өрт сөндірушілер кез келген шақыртуға секундтар ішінде шығуға дайын. Аудан бойынша келіп түскен қоңырауларды жедел қабылдап, бригаданы жіберетін өрт сөндіру бөлімінің радиотелефоншысы Гүлмира Джапенова бұл салада жиырма жылдан бері жұмыс істеп келе жатқанын тілге тиек етті.

ТІЛСІЗ ЖАУМЕН КҮРЕСЕТІН ТЕХНИКАЛАР

Астана қаласы ТЖД бастығының орынбасары Өміржан Тұқышевтың айтуынша, бұл бөлім заманауи техникамен толық қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда олардың қарауында 14 бірлік арнайы техника бар. Әсіресе, 90 метрлік авто-иінді көтергіш ерекше әсер қалдырды. Бұл алып техника 26-28 қабат биіктікке дейін жетеді екен. Ғимараттағы адамдарды құтқаруға мүмкіндік береді. Соңғы рет қаламыздағы «Семь бочек» деп аталатын тұрғын үйдің сыртқы қасбеті жанғанда дәл осы көліктің көмегімен сөндірген.

«Біздегі тағы бір назар аудартқан жаңашылдық – өрт сөндіру дрондары. Арнайы Hyundai Mighty автокөлігімен тасымалданатын QAZ BS-1 және QAZ BS-2 дрондары – биік ғимараттардағы өртті сөндіруде таптырмас құрал. Олар 35-40 қабат деңгейінде жұмыс істей алады және 100 келіге дейін жүк көтереді. Бұл – өрт сөндірушілердің өмірін сақтап, қауіпті аймақтарға қашықтан әсер етуге мүмкіндік беретін технология» дейді Астана қаласы ТЖД бастығының орынбасары Өміржан Тұқышев. Мұндай дронның екі данасы осы бөлімге тиесілі көрінеді. Пультпен басқарылатын заманауи техникамен арнаулы дайындықтан өткен білікті мамандар жұмыс істейді.

Нұра ауданы ТЖБ бастығының орынбасары Абай Қабыкенов өзі басқаратын мекемеде 111 қызметкер еңбек ететінін айтты. Олар жыл сайын 800-ден астам шақыртуға шығады. Бұл дегеніміз – тәуліктің кез келген уақытында, кез келген жағдайда әрекет етуге дайын команда.





> Жыл басынан бері елордада 63 автокөлік өртенген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өте жоғары. Сараптама көрсеткендей, өрттің негізгі себептері көп. Электр жүйесінің ақауы, қысқа тұйықталу, жанар-жағармайдың ағуы және техникалық күтімнің уақытылы жүргізілмеуі. Мамандар, әсіресе қыс мезгілінде қауіп күшейетінін айтады. Автооталдыру мен қолдан жасалған жылыту құрылғылары өрт қаупін тудырады

Бөлім тек өрт сөндіру қызметімен ғана айналыспайды. Төтенше жағдай кезіндегі авариялық-құтқару жұмыстары да – осы жігіттердің мойнында.

«Бізде ерекше атап өтетін техниканың бірі – авариялық-құтқару автокөлігі бар. Гидравликалық құралдармен жабдықталған техника жол-көлік оқиғалары мен үйінді астында қалған адамдарды құтқаруға арналған. Сонымен қатар, бұл техника апатты аймақты жарықпен және электр қуатымен қамтамасыз ете алады» дейді Абай Қабыкенов. Оның айтуынша, батыр атымен аталатын бөлім Астананың Есіл және Нұра аудандарына қызмет көрсетеді. Яғни, мыңдаған тұрғынның қауіпсіздігі – осы мамандардың кәсібилігіне байланысты.

АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТ КӨБЕЙГЕН

Жыл басынан бері елордада 63 автокөлік өртенген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өте жоғары. Сараптама көрсеткендей, өрттің негізгі себептері көп. Электр жүйесінің ақауы, қысқа тұйықталу, жанар-жағармайдың ағуы және техникалық күтімнің уақытылы жүргізілмеуі. Мамандар, әсіресе қыс мезгілінде қауіп күшейетінін айтады. Автооталдыру мен қолдан жасалған жылыту құрылғылары өрт қаупін тудырады.

«Біз қарапайым халыққа көлікті уақытылы тексеруді, сымдардың жағдайын бақылауды, қолдан жасалған құрылғыларды пайдаланбауды, ең бастысы, міндетті түрде өрт сөндіргіш болуын ескертеміз. Ешқашан оталып тұрған көлікті қараусыз қалдырмау керек» дейді Абай Қабыкенов.

ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕ ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Қауіп туралы тек болған кезде ғана ойлаймыз. Ал сол қауіптің алдын алып, өз өмірін қатерге тігіп жүрген жандардың еңбегі көбіне тасада қалып жатады. Өрт сөндірушілер үшін бұл жай жұмыс емес, әр шақырту сайын біреудің тағдырымен бетпе-бет келу.

№6 бөлімнің табалдырығын аттаған сәттен бастап мұнда кездейсоқ адам жоқ екенін түсіндік. Әрқайсысы батылдық пен жауапкершілікті таңдаған, кез келген сәтте от пен қауіптің ортасына кіруге дайын жандар. Олар үшін уақыт – секунд, ал сол секундтардың ішінде біреудің өмірі сақтап қалуға болады.

217 МЫҢ БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАСЫ БАР

Елорда Полиция департаменті мен қала әкімдігі бірлесіп жүзеге асырып жатқан «Елді мекендерді бейнебақылау жүйелерімен жаппай қамту» жобасы аясында қалалық бейнекамералар желісін кезең-кезеңімен кеңейту жұмыстары жүргізілуде. Бұл өз кезегінде қала аумағын кеңінен қамтуға, қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыруға, сондай-ақ құқық бұзушылықтарды анықтау мен ашу тиімділігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда елордада 217 мың бейнебақылау камерасы жұмыс істейді, оның ішінде 56 мың камера Полицияның Жедел басқару орталығына қосылған. Олардың көмегімен өткен жылы 3 000-нан астам қылмыс ашылып, шамамен 41 мың әкімшілік құқық бұзушылық анықталған. Ал ағымдағы жылы 400-ден астам қылмыс ашылып, 9 мыңға жуық әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді.

Камералар тұрғын үйлердің кіреберістері мен аулаларында, ірі сауда үйлері мен сауда-ойын-сауық орталықтарында, қоғамдық орындарда, көлік инфрақұрылымы нысандарында, сондай-ақ білім беру мекемелері мен мемлекеттік ұйымдарда орнатылған. Камералардың саны мен орналасуы туралы мәліметтер ай сайын жаңартылып, қаладағы жағдайдың толық көрінісін бақылауға мүмкіндік береді.


Жедел басқару орталығына қосылған камералар нақты уақыт режимінде жағдайды бақылап, оқиғаларға жедел әрекет етуге жағдай жасап, құқық қорғау органдары жұмысының тиімділігін арттырады. Алдағы уақытта барлық бейнекамераларды «Ұлттық бейнемониторинг жүйесі» атты бірыңғай платформаға біріктіру жоспарлануда. Бұл жоба цифрлық технологиялар арқылы қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға және құқық бұзушылықтарға дер кезінде тиімді әрекет етуге бағытталған.

Полиция департаменті елорда тұрғындарын сақ болуға, заң мен қоғамдық тәртіпті сақтауға шақырады. Сонымен қатар цифрландыру мен бейнемониторинг жүйесін кеңейту азаматтардың қауіпсіздігін едәуір арттыратынын атап өтеді.



№38 (4936) 02/04/2026 Бейсенбі

Бүгінде жасанды интеллект қарқынды дамып, адам өмірінің барлық саласына ендеп еніп келеді. Әсіресе шығармашылық бағытта оның мүмкіндіктері кеңейіп, сурет, мәтін, бейне жасау ісінде жиі қолданылатын құралға айналды. Алайда осы үдерістің қоғамға, соның ішінде ұлттық таным мен руханиятқа әсері қандай болмақ? Әсіресе баспасөз беттерінде жасанды интеллект арқылы жасалған суреттерді қолдану қаншалықты орынды?



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚАНША ДАМЫСА ДА, АДАМ ЖҮРЕГІНІҢ ТЕРЕҢДІГІН, СЕЗІМІНІҢ НӘЗІКТІГІН ҚАЙТАЛАЙ АЛМАЙДЫ

ЖИ-мен САЛҒАН ДҰРЫС ПА, МИМЕН САЛҒАН ДҰРЫС ПА?

Шапағат ӘБДІР

Биыл 16 қаңтардан бастап елімізде жасанды интеллект (ЖИ) арқылы жасалған контентті міндетті түрде белгілеу талабы күшіне енді. Заңға сәйкес, сурет, видео, аудио немесе мәтін болсын, егер ол жасанды интеллект көмегімен жасалған немесе өңделген болса, пайдаланушы бұл туралы анық әрі түсінікті түрде ескертілуі тиіс. Ал заң талаптарын орындамаған жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес, алғашқы заң бұзғанда жеке тұлғаларға – 15 АЕК (2026 жылы 64 875 теңге), шағын бизнес пен коммерциялық емес ұйымдарға – 20 АЕК (86 500 теңге), орта бизнеске – 30 АЕК (129 750 теңге), ірі бизнеске – 100 АЕК (432 500 теңге). Қайталанған жағдайда (1 жыл ішінде): жеке тұлғаларға – 30 АЕК, шағын бизнеске – 50 АЕК, орта бизнеске – 70 АЕК, ірі бизнеске 200 АЕК (865 000 теңге) қарастырылған.

ОРНЫМЕН ҚОЛДАНСАҚ ҰТАМЫЗ

– Жалпы, кез келген жаңалыққа бірден теріс көзқараспен қарау дұрыс емес. Тарихқа көз жүгіртсек, адамзат әр кезеңде жаңа өзгерістерге бейімделу арқылы ғана алға жылжып отырған. Мәселен, осыдан 20-25 жыл бұрынғы технология мен бүгінгі күннің мүмкіндіктерін салыстырудың өзі қиын. Ол кезде қарапайым ұялы телефонның өзі үлкен жетістік саналса, бүгінде смартфон арқылы бүкіл әлемді алақанға сыйдырғандай басқаруға мүмкіндік бар. Осы тұрғыда бұрынғы қағаз хат жазу дәуірін еске алуға болады. Адамдар бір-біріне ойын жеткізу үшін апталап, кейде айлап хат күткен. Хат жазу, оны поштаға тапсыру, адресатқа жетуі – бәрі ұзақ уақытты талап ететін. Ал қазір бір хабарламаны секундтар ішінде әлемнің кез келген нүктесіне жіберуге болады. Бұл – технологияның қаншалықты жылдам дамығанының айқын дәлелі. Сол сияқты жасанды интеллект те – осы эволюциялық дамудың заңды жалғасы. Сондықтан әр кезеңдегі өзгерісті дер кезінде қабылдап, заман ағымынан қалмау маңызды. Бүгінде әлемнің бағыты айқын: цифрландыру мен автоматтандыру. Мемлекет деңгейінде де бұл бағытқа ерекше мән беріліп отыр. Соның нәтижесінде жасанды интеллект көптеген салада адамның жұмысын жеңілдетіп, уақытын үнемдеуге мүмкіндік беруде. Осы тұрғыдан алғанда, оны түрлі бағытта тиімді пайдалану – заман талабы. Дегенмен, жасанды интеллектіні қолдану мәселесінде шектеу мен жауапкершілік те қатар жүруі тиіс. Әсіресе, дәстүрлі басылымдарда ЖИ арқылы жасалған мәтіндер мен суреттерді қолдану – ерекше сақтықты қажет ететін сала. Менің кәсіби көзқарасым бойынша, мұндай құралдарды қатаң талаптар мен этикалық нормалар аясында пайдалану қажет. Өйткені кез келген өнер туындысы немесе ақпараттық материал шынайылыққа негізделуі тиіс. Жасанды интеллект жасаған сурет немесе мәтін шындықтан алшақ кетпеуі, оқырманды жаңылыстырмауы керек. Ол тек мазмұнды ашуға көмектесетін қосымша құрал ретінде ғана қолданылғаны жөн. Мысалы, газет дизайнерлері үшін кейбір тақырыптарды визуализациялау әрдайым оңай бола бермейді. Әсіресе, тарихи кезеңдерге қатысты материалдарда қиындық көп кездеседі. Ерте замандағы оқиғалардың фотосуреттері сақталмаған немесе архивтерде қолжетімсіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайда қажетті суретті табу – өте күрделі әрі ұзақ процесс. Осындай сәттерде жасанды интеллект үлкен көмекке келеді. Ол мәтін мазмұнына сай иллюстрациялар жасап, оқырманға тақырыпты түсінуді жеңілдетеді. Сол сияқты абстрактілі тақырыптарды бейнелеуде де ЖИ-дің мүмкіндігі зор. Мысалы, стресс, инфляция, жемқорлық секілді ұғымдарды нақты бір адамның бейнесі арқылы көрсету әрдайым орынды емес әрі этикалық тұрғыдан да дұрыс болмауы мүмкін. Ал жасанды интеллект арқылы мұндай тақырыптарды символикалық түрде жеткізуге болады. Бұл – бір жағынан шығармашылық шешім болса, екінші жағынан, жауапкершілікті де сақтаудың жолы. Алайда жасанды интеллектінің кері әсерлері де жоқ емес. Біріншіден, ол болашақта кейбір мамандықтардың жойылуына немесе азаюына әкелуі мүмкін. Себебі ЖИ көптеген адамның жұмысын қысқа уақытта орындай алады. Екіншіден, жалған ақпарат пен фейк контенттің көбею қаупі бар. Үшіншіден, кей жағдайларда этикаға сай келмейтін, қоғамға зиян келтіретін материалдар жасалуы мүмкін. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан жасанды интеллектіні қолдануда ең басты қағида – жауапкершілік пен шынайылық. Ол адамды алмастыратын құрал емес, керісінше, оның мүмкіндігін кеңейтетін көмекші ретінде қарастырылуы тиіс. Технология дамыған сайын оны дұрыс бағытта пайдалану – әрбір маманның, жалпы қоғамның ортақ міндеті, – дейді «Egemen Qazaqstan» газетінің жетекші хатшысы Алмас Манап.

ЖИ ЖҮРЕККЕ ЖЕТПЕЙДІ

Ал кәсіби журналист, тәжірибелі редактор, белгілі қаламгер Көсемәлі Сәттібай Ұлттық басылымдарда ЖИ суретін қолданудан саналы түрде бас тарту керек деген ұстанымда.

– Қазіргі таңда меніңше Жасанды интеллектіні (ЖИ) қазақ қоғамы тым белсенді әрі кейде шектен тыс пайдаланып жатыр. Әрине, бұл құбылыс тек бізге ғана тән емес, басқа ұлттарда да бар. Дегенмен, оның әсері өз ортамызда айқынырақ сезіледі. Әсіресе өнер саласында бұл мәселе ерекше байқалады. Шынын айтқанда, менің ЖИ арқылы жасалған суреттерге көңілім толмайды. Себебі мен өзім қаламгерлік жолға түсерден бұрын сурет салумен айналысқанмын. Сондықтан да сурет өнерінің табиғатын, ішкі заңдылықтарын азды-көпті түсінемін. Сурет өлі бейне емес, ол – жан, сезім, көңіл күй. Мәселен, Иван Шишкин сияқты ұлы суретшілердің еңбектерін алайық. Оның «Утро в сосновом лесу» атты әйгілі туындысын көрген адам орманның тынысын сезгендей күй кешеді. Ондағы қарағайлардың биіктігі, жарық пен көлеңкенің үйлесімі, табиғаттың тыныш та терең сұлулығы көрерменді өзіне тартып, сол әлемге жетелейді. Ал оны көрген адам тек көріп қоймайды, сезінеді, әсерленеді, тіпті іштей тынышталады. Міне, бұл – нағыз өнердің құдіреті. Сол сияқты Третьяков галереясы секілді өнер ордаларында тұрған туындыларды өз көзіңмен көру мүлде бөлек әсер. Картина алдында тұрып, оның бояуын, фактурасын, автордың қолтаңбасын сезіну – кітап оқығандағы немесе өлең тыңдағандағы рухани ләззатпен тең. Ал ЖИ жасаған суреттерде осы тереңдік жетіспейді. Олар техникалық тұрғыдан әдемі көрінуі мүмкін, бірақ ішінде жан жоқ, сөл жоқ. Портрет болса, адамға ұқсас бейне ғана. Бірақ сол адамның ішкі әлемі, тағдыры, өмірлік тәжірибесі көрінбейді. Мысалы, Иван Крамской салған «Портрет Льва Толстого» шығармасын алайық. Бұл портретте Лев Толстойдың тек сыртқы бейнесі ғана емес, оның ойшылдығы, ішкі тереңдігі, рухани салмағы айқын көрінеді. Суретке қараған адам жазушының мінезін, болмысын сезе алады. Бұл – қылқалам иесінің жүрекпен жасаған еңбегінің нәтижесі. Ал ЖИ мұндай деңгейге жете алмайды. Ол әжімді салып, көзді «мейірімді» етіп көрсетуі мүмкін. Бірақ ол – тек сыртқы эффект. Нағыз өнер – адамның жан дүниесін жеткізу, – дейді жазушы Көсемәлі Сәттібай.

Сондай-ақ қаламгер газет бетіне бүгінгі таңда ЖИ суретін салудың қате екенін айтады.

«Бүгінде ЖИ-ді газет-журналдарда, кітаптарда қолдану көбейіп кетті. Бұл – алаңдатарлық жағдай. Себебі баспасөз шынайылықтың айнасы болуы тиіс. Егер біз ақыл-ой жемісінің бейнесін ЖИ арқылы жасап, оны оқырманға ұсынсақ, онда біз шынайылықтан алыстаймыз. Бұл дәстүрлі көркемдік қабылдауға қайшы келеді. Әсіресе балаларға арналған кітаптарда ЖИ суреттерін қолдану – қауіпті үрдіс. Себебі бала эстетиканы алғаш рет кітап арқылы таниды. Егер ол жасанды, жансыз бейнелермен тәрбиеленсе, оның талғамы да сол бағытта қалыптасады. Сондықтан менің ойымша, мемлекеттік органдар, баспалар кітап шығарғанда міндетті түрде кәсіби суретшілердің еңбегін бағалап, арнайы қаламақы қарастыруы тиіс. Егер тендерлік жобалар ұйымдастырылса, онда суретшілерге нақты мүмкіндік берілуі қажет. Әрине, ЖИ-ді мүлде қолданбау керек демеймін. Бірақ оны жансыз дүниелерге – техника, заттар, абстрактілі көріністерге қолдануға болады. Ал адам, табиғат, жан-жануар бейнесін жасау – тірі өнер иелерінің еншісінде қалуы керек. Өйткені өнер – туынды, ол – процесс. Ол – адамның жүрегінен шыққан дүние. Ал жасанды интеллект қанша дамыса да, адам жүрегінің тереңдігін, сезімінің нәзіктігін қайталай алмайды. Сондықтан ЖИ өнерде адамнан асып, жүрек қылын тербейтін туынды жасайды дегенге сену қиын. Нағыз өнер – әрдайым адаммен бірге жасайды және адаммен бірге өмір сүреді» дейді қаламгер.

Ал оқырмандар баспасөз бетінде ЖИ жасаған суреттің кейбірі дәстүрлі танымға қайшы, ақылға томпақ екенін айтады.

ДӘСТҮРЛІ ТАНЫМҒА ҚАЙШЫ

– Қазіргі уақытта арнайы белгісі болмаса, қандай дүниені кім және қалай жасағанын ажырату барған сайын қиындап барады. Әсіресе жасанды интеллект арқылы жасалған бейнелер мен видеолар кейде адамдарды шатастырып жатады. Ең әуелі оның бәрі шынайы көрінеді. Бірақ сәл мұқият назар аударсаңыз, кейбір сәйкессіздіктерді аңғарасыз. Дегенмен, кез келген адам оны бірден байқайды деу қиын. Ал баспасөз бетінде жасанды интеллект арқылы жасалған суреттерді қолдану – мүлде бөлек әрі жауапкершілігі жоғары мәселе. Себебі баспасөз – қоғамға бағыт-бағдар беретін, таным қалыптастыратын құрал. Мұнда техникалық қателік түгіл, мазмұндық және мәдени қателіктерге де жол берілмеуі тиіс. Алайда соңғы уақытта көптеген газет-журналдардың ЖИ-ді жиі қолдана бастағанын байқауға болады. Бұл, бір жағынан, уақыт үнемдеу мен шығынды азайтудың жолы шығар. Алайда оның кері әсері де жоқ емес. Мысалы, жақында ғана Наурыз мейрамы қарсаңында бір газетті қарап отырдым. Онда мерекеге байланысты жасалған иллюстрация беріліпті. Бір қарағанда бәрі үйлесімді: қазанның басына жиналған бір әулет, ұлттық киімдер, жылы атмосфера. Бірақ тереңірек үңілсеңіз, көзге оғаш көрінетін детальдар бар. Суретте қазақы шапан мен тақия киген қарияның қолына шөміш ұстатып қойған. Жанында немере қызы қарап тұр. Иә, бұл көрініс сырттай әдемі көрінуі мүмкін. Бірақ қазақы таным тұрғысынан қарасақ, бұл – дәстүрге томпақ. Қазақ мәдениетінде ер адам қазан басында ас дайындап, шөміш ұстап тұрмайды ғой. Осындай ұсақ көрінгенімен, мәні терең сәйкессіздіктер кейде байқалмай да қалады. Ал егер мұндай бейнелер жиі қайталана берсе, ол біртіндеп санаға сіңіп, ұлттық құндылықтардың табиғи болмысын өзгертіп жіберуі мүмкін. Бүгін оғаш көрінген нәрсе ертең қалыпты жағдайға айналып кетпесіне кім кепіл? Сондықтан, мұндағы мәселе ЖИ-дің бар-жоғында емес, оны қалай және қай жерде қолдануда болып отыр. Әсіресе баспасөзде, балаларға арналған кітаптарда, танымдық материалдарда мұндай дүниелерге аса сақтықпен қарау қажет. Сондықтан «ел болам десең, бесігіңді түзе» деген қағиданы негізге ала отырып, ең алдымен ақпарат кеңістігімізді, баспасөзімізді, экрандағы контентімізді сапасыз, үстірт жасалған дүниелерден қорғауымыз керек деп ойлаймын» дейді оқырман Жасұлан Мейірхан.

ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР НЕГЕ ҮЙЛЕСІМСІЗ?

> Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкіметтің алдына Цифрлық мемлекет құру міндетін қойып, оның іске асуын өз бақылауында ұстайды. Жыл басында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент осы мәселеге жеке тоқтап, медицина саласындағы цифрлық платформалардың өзара үйлесімді жұмыс істемейтінін сынға алды.

Бұл мәселенің өзектілігі өңірлерде халықпен кездесулер барысында да айқын көрінді. Соңғы уақытта денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру бағытында бірқатар жоба іске асырылды. Дегенмен, ақпараттық жүйелердің өзара үйлесімдігінің болмауынан медициналық ұйымдардың күнделікті жұмысында айтарлықтай қиындық туындауда. Атап айтқанда, емдеу мекемелеріндегі ақысыз дәрі-дәрмек беру пунктінің қызметкерлері бір мезгілде бірнеше ақпараттық жүйеде жұмыс істеуге мәжбүр. Рецепттерді тіркеу, дәрілік препараттардың қалдықтарын есепке алу, дәрі-дәрмекті босату және есептілік жүргізу әртүрлі платформалар арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде медицина қызметкерлері бір ақпаратты бірнеше рет енгізуге мәжбүр болып отыр.

Бұл медициналық ұйымдардың жұмысын жеңілдетудің орнына, керісінше, әкімшілік жүктемені арттырып, мамандардың уақытын пациенттерге қызмет көрсетуге емес, ақпараттық жүйелер арасындағы техникалық рәсімдерге жұмсауына әкелуде. Салдарынан еңбек өнімділігі төмендеп, адами фактордан туындайтын қателіктің қаупі артады. Сонымен қатар дәрі-дәрмек беру процесі баяулап, азаматтардың ақысыз дәрілік қамтамасыз ету қызметіне қолжетімділігі күрделене түседі.

Бұл мәселе, әсіресе, созылмалы аурулары бар науқастар, мүгедектігі бар азаматтар, қарт адамдар мен балалар үшін аса маңызды. Өйткені тегін дәрілік препараттарды уақтылы алу олардың өмір сапасына ғана емес, кей жағдайда өміріне тікелей әсер етеді. Жұмыс тиімділігін арттыру және халықты дәрілік препараттармен қамтамасыз ету сапасын жақсарту үшін қолданылып отырған ақпараттық платформалардың толыққанды техникалық интеграциясын қамтамасыз ету қажет.

Берік БЕЙСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты



ЖИ арқылы жасалды

СОЛЖЕНИЦЫН. ҚАШҚЫН. ПРОКУРОР КҮЛТӘЙ ЖЕҢЕШЕ

Әкім Таразидың астары қалың бір әңгімесін қайта оқығанда...

Жазушы Әкім Таразидың «Күлтәй жеңешем мен Александр Солженицын» деген әңгімесін оқыған адам бәрібір бірдеңе айтқысы келмей, жазғысы келмей тұра алмайды.

Автор 1950 жылдары Қазақстанға жер аударылып, үш жыл өмірін лагерьде өткізген, одан кейінгі үш жылында Жамбыл облысына қарасты сол кездегі Көктерек ауданының алыс бір ауылында математика пәнінен сабақ берген, кейін сол түрме лагеріндегі тіршілік туралы ең алғаш «Иван Денисовичтің бір күні» атты әңгіме жазып атағы шыққан, одан соң КСРО-дағы саяси репрессия туралы «ГУЛАГ архипелагы» деген романымен дүние жүзіне әйгілі болған қаламгер Александр Солженицынның Совет Одағында он миллион данамен тарайтын газетте «орыс елін көркейту туралы» ойлары баяндалған мақаласында Совет Одағының тарайтынын айта келіп, Одақ құрамындағы әрбір халықтарға көзқарасын білдіргені туралы баяндайды. Сонда ол кейбіреуін бостандық сүйгіш деп дәріптесе, кейбірін орыс халқына пайдасыз ғып көрсетіп, ең соңында қазақтар туралы «Бұлар адамзаттың қас жауы, атқа мінген қазақ, атының тұяғы жеткен жердің бәрін өз жерім деп санайды» деп қатты шүйлігеді.

«Күндердің күнінде, менің құрдасым Сәкен Жүнісов Жазушылар одағында кездесіп: «Әй, Әкім, оқыдың ба?» деді. «Нені?» дедім. «Анау Солженицын деген қазақты масқара қылыпты ғой, – деді. – Мен оны дуэльге шақырам, іздеп барам, әкең... – деп қатал-қатал сөздер айтты. – Атып тастаймын мен оны барып!» деді» дейді Тарази.

Әрі қарай Солженицынның қазақ даласында қалай өмір сүргені, балаларына азық апара жатқан әйелді өлтіріп, бидайын тартып алғаны, кейін оның қылмыскер екенін білсе де аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы кеңшілік жасағаны туралы баяндайды.

«Қарағым, қайтесің, өзі жалғыз орыс болса, бүкіл аудан жабылып, сол жалғыз саяси айдауда жүрген орыстан көрді деген сөзге қаламыз ғой. Босатып жібер, енді қоя ғой, – деп маған жалынғандай болды» дейді жазушының прокурор жеңешесі Күлтәй. Міне, сол Солженицын қазақ туралы жоғарыдағы сөзді айтады. Автор алабота жеген түйедей дөңбекшіген алабөтен күйін жаза отырып, талай сырды суыртпақтайды. Өлген әкесінің құшағында қалған екі жасар Қалихан досының ауыр жағдайын баяндайды. Шын мәнінде, ол жалғыз Қалиханның емес, жалпақ қазақтың басындағы ауыр трагедия еді. Мұның барлығы, әрине, ауқымды әңгіме. Біз оның бәрін өзге мақаламызда кеңінен айтқан болатынбыз. Қазір тақырыпқа орай осы хикаяттың соңғы бөліміне ғана тоқталғанды жөн санадық.

***

Айтқалы отырғанымыз шығармада Күлтәй жеңешенің тағы бір оқиғасы бар.

«Жамбыл облысының Көктерек ауданында прокурор болған, жаңа түскен келін кезі. Прокурор ол кезде форма киетін. Погон сияқты иығында, жағасында оқалы алтынды-күмісті белгілері болатын. Сол Күлтәй жеңешемнің өзі туралы айтатын бір күлкілі жағдайы бар. Аудан орталығы шағын ғана село, ол кездегі аты – Фурмановка, қазіргі аты – Бірлік. Сол Фурмановкадан, қазынаның үйінен таңертеңгі сағат жеті-сегіздерде шығып, мекемесіне қарай жаяу өтеді екен. Жол бойында ешкімге қарамайды, ешкіммен сөйлесіп, тоқтап тұруға қақысы жоқ, себебі бүкіл бір ауданның прокуроры! Басына іс түсіп жататын адамдар көп. Біреу біреуге тәуелді, әсіресе, заң қызметкерлеріне жұрттың бәрі үрке қарайды, шоши қарайды. Себебі отыз жетінші жылдың қара дауылы қайта соға бастаған. Ызғар. Қатал ызғар ел ішін еленделтіп тұр. Сотталушылар көп. Нақақ кетіп жатқандар көп. Күн көсемнің тірі кезі» дейді автор.

«...Бір күні бір үйдің есігінің алдынан өтіп келе жатса, бес-алты кемпір отыр екен, біреуі Күлтәй жеңешеме:

– Әй, бала, тоқта! – депті. Бұл кісі «әй» деген сөзді ұнатпаса да тоқтайды. Үлкен кісілер ғой деп, қазақпын ғой деп.

– Сен, өзің неге сонша қайқаңдап бара жатырсың? – депті әлгілердің біреуі.

– Әрі өтесің, бері өтесің. Біз осы жерде отырмыз. Сәлем беру жоқ сенде. Біз, мынау отырғандар, Қапалдың кемпірлеріміз. Сен біздің келінімізсің. Неге сәлем бермейсің? депті».

Қапал деген – Күлтәй келін болып түскен рудың үлкен бір атасы. Кемпірлер соны меңзеп отыр.

«Сіздер менің прокурор екенімді біліп тұрсыздар. Себебі менің мынау оқалы жағамда белгі бар, – депті. – Ал мен сіздердің Қапал атаның кемпірі екендеріңізді қайдан білем?! Маңдайларыңызда «Мынау Қапалдың келіні!» деген жазу жоқ қой, – депті». Бұл Күлтәй жеңешенің сөз тапқаны ғой, әйтпесе мұның келін болып үлкендерге сәлем бергенін үкімет ұнатпайды. Ескілік санайды. Ал Күлтәйдің «үлкен кісілер ғой деп, қазақпын ғой деп» тоқтауы ішкі ерегестің кішкентай көрінісі еді.

Енді автордың Күлтәй жеңешесінің басынан өткен негізгі оқиғаға келейік. Облыс орталығы – Жамбыл қаласында үлкен бір жиналыс өтіп, сол жиналыста «Көктерек ауданында Отанын сатқан біреу қашып жүр. Ол туралы біздің аудандық прокурор ештеңе білмейді» деген қатаң сөгіс алған Күлтәй астына ат мініп қашқынды іздеуге шығады. Айдарлы деген ауылға келіп колхоз бастығының үйіне түседі. Жан-жақтан жеткен сыбыстың бірі: «Ауыл шетінде, оңашада, жалғыз үй тұрады. Сол үй күдікті көрінеді, – дейді. – Бес-алты баласы бар жалғыз әйел тұрушы еді, сол әйел колхоздың сиыр қорасы жағына жиі-жиі түнде барып-келіп жүреді» дейді.

Сонымен, қасына екі-үш жігіт куәгер ертіп алып, Күлтәй жеңешем күндіз де, түнде де қараңғы болып тұратын, ұзыннан-ұзақ терезесі жоқ сиыр қораға лампы шаммен кіреді. Қораның ең түкпірінде бүрісіп, екі тізесіне басын тығып алып, бір адам, шынында, селкілдеп отыр екен. Ұстап алып келеді. Сол ауылда, колхоз бастығының кеңсесінде отырып, жалғыз өзі сұрақ алады. «Шығыстан батысқа кетіп бара жатқан әскери составтардың біреуінен түсіп қалғаным рас, – депті. – Шуға келдім, ыстық су алайын деп едім, пойыз жүріп кетті. Содан кейін мен жақын жердегі ауылыма барайын, бір-екі күн болайын. Содан кейін қайтып келіп, Шудан қайтадан басқа составтармен кетермін деп ойлап едім. Бірақ болмады, балаларымның ең кішкентайы дімкәс еді. Соған қамқорлық жасауым керек болды. Сөйтіп жүргенде, мен туралы сыбыс тарап кеткенін естідім. Әйелім айтты: «Қашқындарды аямайды, ұстаған жерде тік тұрғызып қойып атып тастайды деді. Сонымен, қашқын болып жүргенім рас, қарағым. Енді өзің біл, атам десең ат, мінеки, бас, міне, мойын!» деп айтады қашқын жігіт». Сатқын, қашқын деп облыс дүрлігіп жүрген қазақтың бар бейнесі осы еді.

«Сонымен, өзім ұстаған кісіні, өзім енді аудан орталығына апаруым керек болды, – дейді Күлтәй жеңешем. Күлтәй жеңешем, дегенмен, қанша оқа жағалы болғанмен, әйел емес пе, ауылдан айдап шыққан тұтқынды жұрт көзі көрінбейтін жерге барғанда, атына мінгізіп, өзі жаяу жүріп, атты жетектеп алады. Оған тұтқын келіспейді. «Қарағым, мені атқа мінгізбе, өзің сөзге қаласың, ұятқа қаласың, қызметіңнен айырылып қаласың!» дейді. Жеңешем көнбейді. Сөйтіп келе жатқанда, бұлардың алдынан ағысы қатты үлкен тоған шығады. Тоғаннан жаяу адам өте алмайды, су екпінді, ағызып кетеді. Тек қана атпен өтуге болады. Жеңешем тұтқынға:

– Қайын аға, мына атқа сіз міниңіз алдымен өтіңіз, содан кейін атты маған қарай жіберіңіз, – дейді.

Анау көнбейді.

– Бірақ мен енді сізді өткізе алмаймын ғой, – дейді бұл.

Сонымен, ұзын шылбырды жеңешем қолына ұстатып, бергі бетте тұрады. Тұтқын атпен жалдап, тоғанның арғы бетіне өтеді.

...Сол кезде барып, есіме түсті, ойпырай, мына кісі қазір атқа мінип шаба жөнелсе, мен масқара болдым ғой деп ойладым! – дейді.

«Сөйтіп тұрғанда, менің қолымнан шылбыр сусып шығып, тоғанның суымен жылanша сызып барып... Бұл көзі бақырайып тұрғанда, тоғанның арғы бетіндегі қашқын аттың шылбырын қысқартып алып, тізгінін тарта ұстап, үзеңгіге аяғын салады... жеңешем кескен теректей құлап түседі. «Енді мен біттім, құрдым, енді мен «Жас коммунист Жәлімбетова Күлтәй Отанын сатқан қашқынды өз қолынан босатып жіберді» деген масқараға қалдым. Енді мен партиядан шығамын, енді мен сотталамын! Оның бәрін қойшы, енді бүкіл Совет Одағының газеттері жазатын болды ғой: «Қазақ әйелі сатқындық жасады» деп».

Аз жатқан көп жатқанын білмейді. Бір кезде есін жиып, енді қайтадан жүрелей отырып, оң қолымен жер тіреп көтерілгісі келген екен, оң жақ иығына әлгі адамның қолы тигенін байқады.

– Қарағым, келін, тұр! – дейді қашқын. – Міне, мынау атың. Кел, міне ғой, қарағым. Әлгінде байқадым, анау жарты шақырымдай жерде өткел бар екен. Сол өткелден айналып сенің қасыңа келдім, қарағым. Мә!». Есімізде болуы керек, бұл таңғажайып оқиға. Біреу жай қарар, біреу түсіне қоймас, мән де бермес, бірақ бұл талайды таңғалдырар оқиға. Бірін-бірі таныймайтын қашқын мен тергеушінің бір-біріне осыншалық жанашыр болып, бір-бірінің жағдайын осыншалық түсініп, аттарын да атаспай иен далада бір-бірін «қайын аға», «келін» десіп, арадағы жалғыз атты тоғанға кезек салып судан өтуі... қазаққа ғана тән оқиға десек артық бола қоймас, иә! Еш артықтығы жоқ!

Екеуі бірі атпен, бірі өткелден жаяулап тоғаннан өтеді. Содан кейінгі жағдай.

«Ол бергі бетке өтті, тоғанның батыс жағына қарай. Келді де:

– Ал, қарағым, мінеки, – деп екі қолын созып тұр. Қайтадан матап байла дегендей! Сол кезде мен ол кісіге айқайлап жіберіппін:

– Қарабет, қашқын, Отанын сатқан қашқын! Түс, алдыма! – деппін.

Ол үн-түнсіз. Басы салбырап кеткен, алдымда жүріп келеді. Жүріп келе жатып теңселіп кетеді, біресе сол жағына қисаяды. Әлде бірдеңеден сүрініп кеткендей, алдына қарай еңкеңдеп барып, шайқала әрең тұрып қалады». Сөйтіп, аш-арық тұтқын жүруге әлі келмей құлап түседі. Енді оны Күлтәй атқа салады. Әуреге түсіп әрең салады. Әлі келмей, жылап жүріп салады. «Жарықтық, жылқы баласы ақылды ғой, шіркін! Жануар, қасыма келіп басын салбыратып тұр, тұрған жері – ойпаң» деп қояды Күлтәй арасында.

«Жарты сағат жүрдім бе, бір сағат жүрдім бе, бір кезде тұтқын есін жинап алды.

– Қарағым, мен түсейін аттан. Сен өзің мін, – дейді.

– Жоқ, – дедім.

– Ендеше, қарағым, сен ер-тоқымға отыр. Мен сенің артыңа мінгесейін, – деді тұтқын».

Өзі өлім халінде келе жатып, алты баласы мен жары шиқылдап артта қалып, өзін алда ауыр жаза күтіп тұрғанын біліп келе жатып, «мені атқа мінгізгенің үшін үкіметтен сөз естисің ғой, қарағым-ау» деп өзін тұтқындап келе жатқан әйелге жанашырлықпен қараған қандай биік кісілік дейсіз! Кімнің қолынан келеді осы ерлік? Өзеннің арғы жағында да, бергі жағында да қашып кетуге мүмкіндігі бола тұра, «Сен сөзге қаласың ғой, қарағым» деп, байлауға қолын ұсыну... қай еркектің қолынан келмек? Дәл қазір, осы күнде?.. Өздерін кешегі қазақтан мәдениетті санап жүрген, білімді, білікті санап жүрген бүгінгі қазақтың қай жігіті осы тұтқынның, осы жалаң аяғы домбығып ісіп кеткен, өлім халінде келе жатып осындай кісілік биіктігінен бір мысқал түспеген осы қазақтың ерлігін істей алады? Қайталамақ түгіл, түсінуге, түйсінуге рухани қауқарлары жете ме?.. Міне, сұрақ! Міне, жауап! Жоқ. Гуманизмнің шыңы!

Енді Күлтәй жеңешенің, қазақ қызының, қазақ әйелінің мына сөзін қараңыз!

«Атқа міне қоймадыңыз ба? – деп қалжыңдадым жеңешеме.

– Әй, Әкім-ай, қарағым-ай, – деді Күлтәй жеңешем. – Әкем қазақ, шешем қазақ емес пе? Мен қазақтың келіні, қазақтың қызы емеспін бе? Қалай мен еркек адаммен бір атқа мінгесіп келе жатам? Ол байғұстың басы сылқ ете қалады, кеудесіне түсіп кетеді. Сонда мен оны құшақтап алам ба? Жоқ, қарағым, қой ондайды! – деп маған, осы авторға ежірейе қарайды».

Бұған не айтамыз? Не айтамыз емес, не айта аламыз? Осындай халде, осындай жағдайда қазақ әйелі, аналарымыз осылай істеген дегенде көзінен от жарқ етіп: «Неткен арлылық! Неткен тазалық! Еркекті әйел қалай құрметтеген?! Әйелді еркек қалай аялаған?!» деп орнынан атып тұрар, оларға сүйіне тамсанып, іштей болса да құрмет қылар жаңа өркен – жастар бар ма? Иығын екі толғап, аузын қисайтса, ернін шығарып қана қоймай, «Неткен сорлылық» десе қайттік? Ақиқатында, біз ондай кісіліктің бойымыздан табылуы түгіл, оны түсінуден, түйсінуден қалып бара жатқан, адамдықтан, адамгершіліктен өзге құндылықтардың құрдымына құлап бара жатқан ұрпақпыз ба? Бәлкім...

Ал оларды, тұтқын мен Күлтәйды, бірін қашқын, бірін тергеуші қылған – қоғам, үрей. Күлтәй да қазақтың келіні секілді кемпірлерге сәлем бергісі келеді, үрей сәлем салғызбайды – үкімет жақтырмайды. Ауру баласының қасында бір-екі күн болғысы келген қазақты жібере салғысы келеді – үрей, үрейлі үкімет жібертпейді. Күлтәй оны өзі де айтады: «Аудан орталығы көрінген кезде мен жүрісімді жайлаттым. Қараңғы түссе екен дедім. Мен мынау қашқынды атқа мінгізіп алып, өзім жаяу келе жатсам, қаңқу сөзге қалам ғой. Себебі ондайды кешірмейді. Қашқынды атына мінгізіп, өзі жаяу келді деген сөз ертең, ел құлағы елу, бастықтарға жетсе, олар мені аямайды ғой».

Міне, адам ретінде, қазақ ретінде, қазақ әйелі, қазақ қызы ретінде жүрегі қалап істегісі келген әр ісінің алдында осындай үрей тұрды. Өйткені автор жоғарыда айтқандай «Отыз жетінші жылдың қара дауылы қайта соға бастаған. Ызғар. Қатал ызғар ел ішін еленделтіп тұр. Сотталушылар көп. Нақақ кетіп жатқандар көп. Күн көсемнің тірі кезі».

Сол үрей аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Тілеубердинге «Қарағым, қайтесің, орыс қой, жібере сал» дегізеді. Сол үрей бүкіл аудан бойынша екі-ақ орыс бола тұра, соның бірі адам өлтірген бола тұра, оны босаттырып жібергізеді. Сол үрей пойыздан қалып қап, ауру баласына бола отбасына келген жазықсыз қазақты ақыры өлтіріп тындырады. «Тұтқынды НКВД-ға да, Ішкі істер министрлігінің аудандық бөліміне де берген жоқпын. Білемін ғой, әй-шәйға қарамайды, тепкілеп ұрып тастайды, өлтіріп тастайды. Сонымен, қазір есімде жоқ, толық төрт дәптер ме екен, әлгі кісінің барлық жауабын жазып, хаттап, енді аудандық түрмеге апарайын деп қарасам, жарықтық, дүниеден өтіп кеткен екен. Қылжиып, кабинеттің бұрышында отыр екен. Мойыны былқ-сылқ етеді» деп еске алады Күлтәй. «Қашқынды ұстаған жас прокурор» деген шағын мақала шықты облыстық газетте. Мен енді, шынымды айтайын, оған мақтанғам жоқ. Себебі ол менің қолымда өліп кеткеніне, шын мәнінде, қатты күйіндім» деп күрсінеді Күлтәй.

Сол аласапыран замандағы қазақтың жан дауысы, қазақ болмысының шырқыраған құлын дауысы жазушы жанын жаншып өтеді. Соның бәрін жүрегінен өткізе отырып, асықпай, аптықпай, айқайламай, аттандамай отырып-ақ осылай жеткізіпті. Осылай...

Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ,
ақын, жазушы, сценарист

№38 (4936) 02/04/2026 Бейсенбі



ӘЛЕМДІК ЭНЕРГИЯ ТІЗГІНІН КІМ ҰСТАЙДЫ?

2026 жылы Таяу Шығыстағы геосаяси жағдай күрт шиеленісіп, аймақ жаһандық қауіпсіздік пен экономика үшін негізгі тәуекел ошағына айналды. АҚШ, Израиль және Иран арасындағы әскери қақтығыс тек аймақтық деңгейде ғана емес, әлемдік нарықтарға, әсіресе мұнай саудасына тікелей әсер етуде. Сарапшылар бұл жағдайды XXI ғасырдағы ең ірі энергетика сынақтарының бірі деп бағалауда.

ОРМУЗ БҰҒАЗЫ ҮШІН КҮРЕС

Соңғы апталарда аймақтағы жағдай тіпті шиеленісе түсті. АҚШ пен Израиль Иранға қарсы әскери операцияларды күшейтіп, қатаң ультиматум жасай бастады. Вашингтон Тегеранға: «Егер Иран Ормуз бұғазын ашпаса, елдің барлық энергетика нысаны толық жойылады» деген мазмұнда ескерту жасады. АҚШ президенті Дональд Трамп бұл позицияны нақтылай түсіп: «Ирандағы барлық электр станцияларын, мұнай өндіру ошақтары мен кешендерін, Харк аралын және тұщыту жүйелерін атқылаймыз» деп мәлімдеді. Бұған дейін Трамп Иранға келісімге келуге 48 сағат уақыт беріп, кейін ультиматум мерзімін 6 сәуірге дейін ұзартқан еді. Ол тіпті: «Егер Тегеран Ормуз бұғазын ашпаса, ұрысты тоқтату туралы келісімге келмесе және АҚШ шарттарынан бас тартса, Иранның энергетика нысандарының күл-талқанын шығарамыз» деп ашық сес көрсетті. Ал Иран өз кезегінде Израиль аумағына кассеталық зымырандармен соққы жасап, бірнеше стратегиялық нысанды, соның ішінде Хайфадағы мұнай өңдеу зауытының резервуарын зақымдады. Тегеран Ормуз бұғазы арқылы тек өзіне ниеттес елдердің ғана мұнай тасымалдайтын кемелерін өткізіп, қалған мемлекеттер үшін бұл бағытты іс жүзінде шектеп отыр. Сонымен қатар Иранның Ұлттық қауіпсіздік және халықаралық саясат комитеті Ормуз бұғазы арқылы өтетін кемелерден баж салығын алу жөніндегі жоспарды мақұлдады. Осы жағдайға байланысты АҚШ Мемлекеттік хатшысы Марко Рубио Иранға Ормуз бұғазын бақылауға ешқашан жол берілмейтінін мәлімдеп, бұл халықаралық сауда еркіндігіне тікелей қауіп екенін атап өтті.

КӨЗДЕГЕНІ ҚАУІПСІЗДІК ПЕ, ҚАРА АЛТЫН БА?

Вашингтонның Иранға қарсы әскери әрекетінің түпкі мақсаты даулы күйінде қалып отыр. Бастапқыда АҚШ бұл операцияның негізгі мақсаты Иранның ядролық әлеуетін әлсірету екенін мәлімдеген еді. Алайда уақыт өте келе ресми риторика энергетика ресурстарына бақылау орнату бағытына ойысқандай әсер қалдырады.

Дональд Трамптың «Шынымды айтсам, мен Иранның мұнайын тартып алғым келеді» деген мәлімдемесі – осы өзгерістің айқын көрінісі. Сондай-ақ ол Иран мұнайының негізгі экспорт нүктесі саналатын Харк аралын басып алу мүмкіндігін де жоққа шығармайтынын ашық айтып келеді.

– Біз жуырда Иранннан Харк аралын тартып алуымыз мүмкін. Олай етпеуіміз де мүмкін. Бірақ бір нәрсе анық – бізге бұл аймақта ұзағырақ болуға тура келеді, – деді Ақ үй басшысы.

Сонымен қатар Трамп АҚШ-тың Ирандағы әскери қатысуы ұзаққа созылмайтынын да меңзеді. Оның айтуынша, Вашингтон Иранннан «2-3 апта ішінде» шығуы мүмкін. Алайда бұл шешім Иранның алдағы бірнеше жыл бойы ядролық қару жасай алмайтынына толық көз жеткен жағдайда ғана қабылданады.

Трамптың пікірінше, қақтығыс аяқталған жағдайда, Ормуз бұғазы біртіндеп қайта ашылады.

– Шынымды айтсам, мен бұл туралы ойлап жүрген жоқпын. Менің жалғыз міндетім – оларда ядролық қарудың болмауына көз жеткізу. Оларда енді ядролық қару мүлде болмайды. Ал біз Иранннан кеткен кезде бұғаз өзі-ақ автоматты түрде ашылады, – деді ол.

ИРАН «ЕКІНШІ ИРАККА» АЙНАЛМАЙ МА?

Кейде Дональд Трамптың сөзі мен ісінің арасында қайшылық байқалады. Мәселен, егер АҚШ жақын бір-екі аптада соғысты тоқтатуды көздесе, онда неге Таяу Шығыстағы әскери күшін керісінше арттырып жатыр?

Қазіргі деректерге сүйенсек, АҚШ құрлықтағы операция мүмкіндігін белсенді түрде қарастыра бастады. Пентагон бұған дейін жіберілген 5 мың теңіз жаяу әскері мен 2 мың десантшыға қосымша тағы 10 мың сарбаз аттандыру мәселесін талқылауда.

«Wall Street Journal» мәліметінше, АҚШ Иран шекарасына 17 мыңнан астам әскер орналастыруы мүмкін. Бұл күштер ауқымды басып кіруге жеткіліксіз болғанмен, стратегиялық маңызды аумақтар мен аралдарды бақылауға алуға жеткілікті.

«New York Times» мәліметінше, қазіргі таңда Таяу Шығыстағы американдық әскерилердің жалпы саны 50 мыңнан асып отыр. Бұл жағдайдың тек уақытша шиеленіс емес, ұзаққа созылатын әскери сценарийге жақындап келе жатқанын көрсетеді.

Иран тарапы мұндай сценарийге дайын екенін ашық мәлімдеді. Парламент спикері Мұхаммед Багер Галибафтың айтуынша, ел құрлықтағы соғысқа толық дайын. Ирандағы IRNA агенттігінің хабарлауынша, Тегеран АҚШ әскерінің жерге аяқ басқан сәтінде-ақ қарсы соққы беруге әзір. «Иран тізе бүкпейді. Біз жер үстінде соғысуға тас-түйін дайынбыз» деген мәлімдеме аймақтағы қақтығыстың одан әрі ушығуы мүмкін екенін аңғартады. Егер АҚШ құрлықтағы операцияға барса, бұл Ирактағыдай жылдам жеңіспен аяқталмауы мүмкін. Керісінше, ұзаққа созылған, көпжақты және аймақтық деңгейге таралған қақтығыс қаупі жоғары. Мұндай сценарий тек Таяу Шығысқа ғана емес, әлемдік қауіпсіздік пен экономикаға ауыр салдар әкелуі ықтимал. Сондықтан сарапшылардың басым бөлігі Иран «екінші Иракқа» айналмайды, бірақ одан да күрделі әрі қауіпті дағдарыс ошағына айналуы мүмкін деген пікірде.

ЖАСЫРЫН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗГЕН

Трамп бір жағынан Иранға қысым жасап отырса, екінші жағынан жасырын келіссөздер жүргізіп жатқаны мәлім болды. Ол Иранның жаңа басшыларымен байланыс орнатылғанын айтып, келіссөздердің жүріп жатқанын растады. «Қазір біз байланыс орнатып жатқан адамдар – мүлдем басқа топ. Олар – өте кәсіби келіссөзшілер» деді ол «Financial Times» басылымына берген сұхбатында. Алайда Иран тарапы бұл әрекеттерге күмәнмен қарайды. Тегеранның пікірінше, АҚШ бір мезетте келіссөзге дайын екенін білдіріп, екінші жағынан жасырын түрде құрлықтағы операцияға дайындық жүргізуде. Сонымен қатар Вашингтон 15 тармақтан тұратын талаптар пакетін ұсынып, соғыс барысында қол жеткізе алмаған мақсатына дипломатиялық қысым арқылы жетуді көздеп отыр деген тұжырым бар. Сондықтан Иран билігі қатаң ұстанымын ашық білдірді: «Иран тізе бүкпейді. Тегеран өзін қорлатып, басындырып қоймайды. Біздің жауынгерлеріміз АҚШ сарбаздарының жерімізге аяқ басқан сәтін күтіп отыр. Жер үстінде соғысуға тас-түйін даярмыз» делінген ресми мәлімдемеде.

Қазір жағдай жаңа қауіпті бағытқа ауыса бастағандай. Иран тарапы Таяу Шығыстағы ірі технология компанияларының инфрақұрылымына соққы жасау мүмкіндігін жоққа шығармады. Ислам революциясы сақшылар корпусының мәлімдеуінше, бұл компаниялардың технологиялары Иранға қарсы әскери әрекеттерде пайдаланылған. Бұл аймақ арқылы Еуропа, Азия және Африканы байланыстыратын әлемдік интернет-трафиктің шамамен 17-20%-ы өтеді. Сондықтан мұндай нысандарға жасалатын кез келген шабуыл тек аймаққа емес, жаһандағы цифрлық инфрақұрылымға да ауыр соққы болуы мүмкін. Еуропа елдері де бұл қақтығысқа қатысты өз ұстанымын айқын көрсете бастады. Испания АҚШ-тың Иранға соққы жасау үшін өз әскери базаларын пайдалануға тыйым салса, Италия билігі американдық бомбалаушы ұшақтарды Сигонелла базасына қондырудан бас тартты. Ал Франция АҚШ-тың әскери жүктерін тасымалдайтын ұшақтар үшін әуе кеңістігін жапты. Бұл қадамдар Еуропаның Вашингтонның әскери стратегиясын толық қолдамайтынын аңғартты. Сарапшылардың пікірінше, Ормуз бұғазының тағдыры да осы қақтығысқа мүдделі күштердің өзара келісіміне байланысты шешілуі мүмкін, ал соғыстан кейін АҚШ пен НАТО арасындағы қатынастар қайта қаралуы ықтимал.

Қысқасы, Таяу Шығыстағы қазіргі қақтығыс – жай ғана аймақтық соғыс емес, жаһандық тәртіптің қайта қалыптасуының көрінісі. Ормуз бұғазы үшін күрес, энергетика ресурстарын бақылау үшін талас және әскери-саяси ықпалдың күшеюі әлемдік жүйенің жаңа кезеңге аяқ басқанын аңғартады. Бұл жағдайдың қалай аяқталатыны әзірге белгісіз. Алайда бір нәрсе анық: бұл қақтығыс тек Таяу Шығыстың ғана емес, бүкіл әлемнің болашағына әсер ететін шешуші кезеңге айналып отыр.

АҚШ әлемдегі мұнай қоры ең мол елдердің бірі – Венесуэланы өз ықпалына алды, Панама каналы да оның геосаяси бақылауында. Енді Ормуз бұғазын бақылауға ұмтылып отыр. Бұған қоса, Зангезур дәлізін ұзақ мерзімге жалға алу ниеті айтылып жүр. Егер бұл жоспарлар жүзеге асса, Вашингтон тек әскери немесе саяси үстемдікке ғана емес, жаһандық сауда мен энергия ағынының негізгі түйіндерін толық бақылауға алуы мүмкін. Бұл әлемдік тәртіптің түбегейлі өзгеруіне алып келетін стратегиялық қадам болмақ.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, АҚШ-тың Венесуэланы бақылауға алып, Иранды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстауға тырысуының астарында Қытайға бағытталған ұзақмерзімді стратегия жатыр. Яғни Вашингтон энергия ресурстары мен негізгі теңіз жолдарын өз ықпалына алу арқылы Бейжіңнің экономикалық және геосаяси кеңеюін шектеуді көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, Ормуз бұғазы үшін күрес тек Таяу Шығыс мәселесі емес, оны әлемдік державалар арасындағы үлкен бәсекенің бір бөлігі ретінде қарастырған дұрыс секілді.

Бетті дайындаған **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

АЗИЯ ҚЫСЫМҒА ТҮСТІ

Ормуз бұғазы төңірегіндегі шиеленіс Азия елдерін қиын жағдайға қалдырды. Түркияда бензин бағасы 63 лираға дейін өссе, Таиландта жанармай соғыс басталғалы 145 теңгеге қымбаттаған.

Сарапшылардың айтуынша, Азия елдері стратегиялық мұнай қорын жеткілікті деңгейде жинамағандықтан, қазіргі тапшылықты қатты сезінуде. Пәкістан, Шри-Ланка, Индонезия, Филиппин, Таиланд және Вьетнамда жұмыс аптасы қысқарып, тұрғындардың бір бөлігі қашықтан жұмыс істеуге көшкен. Тіпті Ормуз бұғазы жақын арада ашылған күннің өзінде мұнай жеткізілімі толық қалпына келу үшін кемінде 2-3 ай қажет. Осы аралықта бірқатар ел шұғыл шараларға көшті: Польша жанармай бағасына шектеу енгізсе, Ресей бензин экспортын қысқартуы мүмкін. Ал АҚШ президенті Дональд Трамп жанармай тапшылығына тап болған елдер өз мәселесін өздері шешуі тиіс екенін айтып, қажет болса, мұнайды АҚШ-тан алуға немесе Ормуз бұғазы арқылы өз күшімен тасымалдауға шақырды.

РЕСЕЙДІҢ ЖАҢА ТАЛАБЫ

Украина президенті Владимир Зеленский 31 наурызда Ресей Донбасс бойынша жаңа талап қойғанын мәлімдеді.



«Ресей Украинаның екі айда Донбастан кетуін қалайды» деді Зеленский. Оның пікірінше, Ресей бұл жоспарын іс жүзінде жүзеге асыра алмайды және мұнысын Мәскеу де жақсы біледі. Алайда ресейліктер АҚШ-қа қысым жасап жатыр, осылайша Вашингтон Украинаны Ресейдің ығына көндірсін деп отыр. Ресей жағы әзірге Зеленскийдің мәлімдемесіне реакция білдірмеді. Бұған дейін Ресей президентінің көмекшісі Юрий Ушаков мемлекеттік арнаға берген сұхбатында Мәскеу АҚШ-ты бейбіт келіссөздерде Ресейге тиімді жеңілдіктерге қол жеткізу үшін Киевке ықпал ету тетігін пайдалануға шақырғанын айтқан.

АЙҒА АДАМ ҰШЫРАДЫ

Адамзат араға 53 жыл салып Айға сапар шекпек. Бұл – NASA-ның Айға қайта оралуға бағытталған ауқымды сынақ жобасы.



Егер ол сәтімен жүзеге асса, 2028 жылы Айды зерттеу бойынша ауқымды шаралар басталады. Ал осы жолғы Artemis II миссиясы аясында 4 ғарышкер әуелі 10 күндік сапарға аттанады. Бортта 3 американдық және 1 канадалық астронавт бар. Олар 1 тәулік бойы Жер маңындағы орбитада қалып, тіршілікті қамтамасыз ету және микроклиматты бақылау жүйелерін тексереді. Осыған дейін адамзат Айға 1972 жылы қонған. Енді NASA бұл күрделі міндетті 2 жылдан кейін, бұрын-соңды зерттелмеген Айдың оңтүстік полюсінде қайта жүзеге асыруды жоспарлап отыр.



ШЕТЕЛДІКТЕР ҰЛТТЫҚ ОПЕРАҒА ҚЫЗЫҒАДЫ

Көрермендер халықаралық байқаулардың лауреаты, «Астана Опера» солисі Бейімбет Таңарықовтың ұлттық опера кейіпкерлерін халық мәнерінде орындайтынына әрдайым тәнті. Оның дауысы әр жылдары беделді шетел сахналарында шырқалып, театр сыншыларының жоғары бағасын алды. «Музыкальная жизнь» журналының бетінде музыкатанушы Михаил Кривицкий: «Әзімнің рөліндегі Бейімбет Таңарықовтың қатысуымен өткен көріністер ерекше қасіретті әрі өткір шықты» деп жазса, музыка сыншысы Александр Матусевич «Независимая газета» басылымында қазақстандық әртістің өнер көрсетуі ешкімді бейжай қалдырмағанын атап өткен. Осынау асқақ өнерге қалай келгені және алдағы жоспары жайлы опера әншісінің өзінен сұрап білдік.

– Бейімбет Тәйкенұлы, сіз әнге бала кезіңізден әуес болған екенсіз, осы қабілетіңізді ең алғаш байқаған кім?

– Мен туып-өскен Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданына қарасты Боран ауылында ән үйірмесі болатын. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде осы үйірмеге қатысып, білім ошағымызда өтетін кез келген іс-шаралардан, концерттерден қалмайтынбыз. Бұл сонау 1990 жылдар еді. Ұстазымыз – баяншы Жұмай ағаның ұйымдастыруымен мектептің ғана емес, ауылдағы мәдениет үйінің де сахнасына шығатынбыз. Бұдан бөлек, өнерге жақын болып өсуіме ата-анам зор әсер етті. Отбасымызда әкем де, анам да ән айтатын, оларға қарап үйдегі тоғыз бауырым және мен – барлығымыз ес білгелі домбыра шертіп, қонақтар келгенде міндетті түрде өнерімізді паш ететінбіз. Кішкентайымнан радиодан КСРО халық әртістері Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Ришат Абдуллин, Қазақстанның халық әртісі Мүсілім Абдуллиннің орындауындағы әндерді сүйіп тыңдайтынмын. Опера өнеріне деген қызығушылығымның оянуына осы аға буынның шығармашылығы әсер еткен шығар деп ойлаймын. 1994 жылы мектепті тәмамдағаннан кейін 2 жыл Отан алдындағы әскери борышымды өтедім, одан кейін ата-анама қолғабыс етейін деп тағы 2 жылға ауылда қалдым. Музыкаға кәсіби тұрғыда бет бұрудың сәті 1999 жылы ғана түсті. Жақындарымның ақыл-кеңесімен Өскемен қаласындағы Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесіне «хормен дирижерлеу» кафедрасына оқуға құжат тапсырдым. Сөйтіп, 4 жыл бойы Сергей Почекиннің сыныбында білім алдым. Бізде академиялық вокал сабағы да қатар жүрді, одан бізге Вячеслав Ткач сабақ берді. Ал колледжді бітіріп Астанаға келгенімде, Қазақ ұлттық музыка академиясында «жеке ән айту» мамандығы бойынша Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Қанат Омарбаевтың сыныбында оқыдым.

– Ұстазыңыз Қанат Омарбаев сізді ең дарынды шәкірттерінің бірі деп атаған екен. Сізді ерекше жақын көруінің себебі неде?

– Мені академияға оқуға түсірген, опера әлемінің есігін ашқан адам – Қанат Нұрмұхамедұлы. Өскеменде оқып жүргенде колледжімізге Астанадан бір топ оқытушы келіп: «Елордада музыка академиясы ашылып жатыр, сіздерді сол жақта күтеміз» деп үгіт-насихат жұмысын жүргізген еді. Сол ұстаздардың қатарында Қанат Омарбаев та болды. Ол менің дауысымды тыңдады да, «Астанаға келгенде маған хабарлас» деді. Ілуде біреуге ғана берілетін мұндай тамаша мүмкіндікті мен де қалт жіберген жоқпын. Сөйтіп, арман қуып Астанаға келдім. Пойыздан түскен бойда Қанат ағаға телефон шалып: «Аға, мен келдім» деп едім, ол мені көлігімен алып кетті де, жатақханаға орналастырды, сосын «ешқандай емтихансыз қыркүйекте менің класыма келесің» деді. Оның осынау ағалық қамқорлығын ешқашан ұмытпаймын, ұстазыма әлі күнге дейін алғысымды айтамын. Қанат Нұрмұхамедұлы өзінің барлық тәжірибесін шәкірттерінің бойына сіңірді, тәлім-тәрбие берумен қатар әр оқушының қабілетін аша білді. Қанат Омарбаев – тенор дауысты әнші, ал мен оның тенор дауысты алғашқы шәкірті болдым. Бәлкім, сол себептен де мені басқаларынан ерекше көрген шығар деп ойлаймын. Ұстазымның орындаған барлық партиясын, оның ішінде Біржан, Әзім, Шеге, Понг, Гастон және басқа да бейнелерді сахнада сомдап келемін.

– Опера әншісі ретінде кәсіби жолыңызды К.Байсейітова атындағы опера және балет театрында бастаған екенсіз. Үлкен сахнаға алғаш шыққан сәтіңіз туралы айтып беріңізші.

– Бұл 2005 жыл болатын, ол кезде мен әлі студентпін. Қанат аға қолымнан жетектеп жүріп Шегенің партиясын жаттатқан еді. Сөйтіп ұстазымның қолдауымен 3-курс оқып жүргенде К.Байсейітова атындағы театр сахнасында Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» ұлттық операсында Шегенің партиясын орындадым. Мені алғаш рет қалың көрерменге танытқан рөл осы болды. Мұнда опера труппасының негізін қалаған көптеген сахна шеберіне қарап өстік, тәжірибе жинақтадық. Бұл театрда еңбек еткен 7 жыл ішінде өз репертуарым қалыптасты. Опера саңлақтарының ақыл-кеңесімен еңбек жолымды кішігірім партиялардан бастап, 2010 жылы алғаш рет М.Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсында Біржанның басты партиясын шырқадым. Менің орындаған алғашқы маңызды рөлім осы болды. Сол кезде Сараның бейнесін жүзеге асырған әріптесім, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ғалия Байғазинова маған кейіпкерімді ашуға зор қолдау көрсеткен еді. Ал 2013 жылы Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстаннан және басқа да шет елдерден келген 20-дан астам тенордың арасында іріктеуден өтіп, еліміздің бас театры – «Астана Оперanың» опера труппасына қабылдануым өмірімдегі ең маңызды кезеңдердің бірі болды. «Астана Оперanың» әртісі атану сол кездегі әрбір солистің арманы еді. Театр осымен XIII маусым бойы өз көрермендеріне әлемдік деңгейдегі спектакльдерді ұсынып келеді. «Астана Опера» репертуарым Дж.Пуччинидің «Тоска»-сындағы Сполеттаның, Дж.Вердидің «Аида»-сындағы Хабаршының бейнелерімен және басқа да рөлдермен толықты. Әр партияның өзінің керемет әрі қиындығы болады, соны әр айтқан сайын жетілдіріп, сахнаға жарқыратып алып шығуға тырысудамын. Жақында «Астана Опера» отандық композиторлар Серікжан мен Әліби Әбдінұровтардың музыкасына Тілеуғазы Бейсембектің либреттосы негізіндегі «Қыпшақ қызы Аппақ» ұлттық операсының әлемдік премьерасын ұсынады. Осы күндері театрдың барлық бөлімі – опера, балет труппалары, оркестр, өндіріс цехтары премьераға зор жауапкершілікпен дайындалады. Ал менің алдымда спектакльде қатарынан үш партияны айту міндеті тұр. Бірінші актіде Жауынгердің бейнесін жүзеге асырамын, ал екінші актіде термені таныстырамын. Осы ретте композиторлар термені менің дауысыма арнап жазғанын атап өтуім керек. Бұл театр директорының бірінші орынбасары Төлеубек Әлпиевтің ұсынысы бойынша жүзеге асуда. Төлеубек Нығметұлы маған: «Сен қазақтың өнерін дәріптеп жүрсің. Ұлттық операны нақышына келтіре орындайтын болғандықтан, қазақтың тілін анық жеткізетіндіктен, термені өзің айтасың және сахнаға қазақтың қара домбырасын ұстап шығасың» деген еді. Оған осы үшін рақметімді айтамын және сенімін ақтауға тырысамын. Сондай-ақ бұл операда Сайқымазақтың да рөлін орындау маған жүктеліп отыр, бұл – вокалдық шеберлікпен қатар, зор актерлік қабілетті талап ететін партия. Менің басты міндетім – операдағы осы үш партияны бір демде алып шығу және кейіпкерлерімді сан алуан қырынан көрсету. Жалпы маған білдірген қолдаулары үшін театр директоры Александр Совостьяновқа және опера труппасының директоры Талғат Мұсабаевқа айтар алғысым зор.



– Рөлдерді есте қалырлықтай етіп сомдау қалай қолыңыздан келеді?

– «Сырт көз – сыншы» демекші, мен әрдайым өзіме қатысты айтылған ескертпелерді дұрыс қабылдаймын және соны түзетуге тырысамын. Егер мен шырқаған туындыларды көпшілік түсініп жатса, демек, бұл – менің дұрыс жеткізе білгенім. Ұлттық операларды орындаған кезде маған екі есе жауапкершілік артылатынын түсінемін. Партияның вокал-техника бөлігі бірінші кезекте болғанмен, оның әр сөзін көрермендерге жеткізе білу, әрбір әрпін ұғынықты қылып айту қажет. Қазақтың әр сөзінің тәрбиелік мәні бар. Сондықтан әрбір әріпті шегелеп тұрып айтса, ол міндетті түрде тыңдарманға жетеді. Жиналған қауым спектакльдің мазмұнын ұқса, бұл – әртіс үшін үлкен дәреже. Ерекше атап өткім келетін жайт, 20 жылдық шығармашылық қызметімде қолымнан домбыра түскен емес. Біржанды, Шегені, Әзімді айтсам да, сахнаға домбырамды ұстап шығамын. Кішкентай кезімнен әнге және қазақтың қара домбырасына әуес болып өскенім сахнада осылай көрініс тапты.

– Иә, әсіресе Біржанның партиясын халық мәнерінде жеткізетініңіз көрермендерге ерекше ұнайды.

– Рақмет! Өмірімде зор мақтанышпен айтатын опера – Мұқан Төлебаевтың «Біржан – Сарасы». Композитор ұлттық операдағы шоқтығы биік Біржанның партиясын өте сирек кездесетін лирика-драма тенорына арнап жазған. Кезінде тәлімгерлерім «осы рөл сенің төл белгіңе айналады» деуші еді. Шынымен, солай болды. Әріптесім әрі сахнадағы сенімді серігім – театрымыздың жетекші солисі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бибігүл Жанұзақ екеуміз Венгрияның беделді концерт алаңында «Біржан – Сара» операсынан «Айтыс» сахнасын ұсындық. Сол кезде залда отырған көрермендердің қошеметінде шек болмады, олар бізді сахнадан жібергілері келмей, екінші рет ән шырқауымызды өтінді. Тағы басқа шет елдерге гастрольмен барғанда үнемі осындай ыстық ықыласқа бөленеміз. Шетелдіктер біздің ұлттық операларымыздың ұлылығына және костюмдеріміздің әдемілігіне, декорациялардың ауқымына әрдайым тәнті.

– Театр солисі ретіндегі қызметіңіз бен отбасын қатар алып жүру қиын емес пе? Балаларыңыздың сіз секілді өнер жолына түсетін ойлары бар ма?

– Жұбайым Сәуле Рахимова өзі музыкант болғаннан кейін мені жақсы түсінеді. Сондай-ақ балаларымыз да өнерден алыс емес, үлкенім Бақытжан кларнетте, ал кенжем Әділжан тромбонда ойнайды. Екеуі де Астанадағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатта білім алуда. Оларды үрлемелі аспаптарға берген себебіміз, вокалистер мен үрлемелі аспаптарда ойнайтын музыканттардың тыныс алу техникасы бірдей болып келеді. Сондықтан келешекте ұлдарымыз әншілік өнерге бет бұрып жатса, олардың осы саланы қиналмай жалғастырып әкетуге мүмкіндігі болады. Отбасым – өмірдегі ғана емес, өнердегі үлкен қолдаушым. Жақындарым маған әрдайым зор демеу береді. Мен операға қатысардан бір жұма бұрын үйімізде тыныштық атмосферасы орнайды, отбасымның барлық мүшесі менің жағдайымды жасауға тырысады. Қазір мен лирикалық-драмалық дауыстағы тенорларды тәрбиелеу, оларды Біржанның бейнесінде сахнаға шығару үшін еңбектеніп жүрмін. Опера әлеміне келген адам театрдың нағыз жанашыры болуы тиіс деп санаймын. Жас вокалистерге өздеріңді шыңдаудан жалықпаңдар, ерінбей еңбек етіңдер дегім келеді.

Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА

ДҮЙСЕНБІ

6 СӘУІР

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:00 «Құдаша қыз» телехикаясы
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» телехикаясы.
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр» телехикаясы.
14:15 «Апта» сараптамалық бағдарламасы.
14:55 «Ақорда»
15:10 «Сағындырған әндер-ай»
16:00 «Қыздың жолы» телехикаясы.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» телехикаясы.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» телехикаясы.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 ТҮН»
0:10 «Қыз тағдыры» телехикаясы.
1:00 АҚПАРАТ
1:30 «Қазір айтайық»
2:20 «Ашық алаң»
3:05 «Қызық екен...»
3:45 «Сағындырған әндер-ай»

05:00 Телехикая «Фатмагүл»
07:00 «Оян!»
09:00 «Әлеумет»
09:30 «Көзқарас»
10:00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
12:00 Телехикая. «Келінжан 6»
13:00 «ОйнаIQ»
14:00 Мультсериал «Турбозавры»
15:00 Комедия «Белые цыпочки»
17:00 Телесериал «Мечта Эшрефа»
19:30 Комедия «Отпетые мошенницы»
21:30 Жаңалықтар
22:00 «КешREC»
23:00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
01:00 Телехикая «Фатмагүл»

ASTANA TV

06.00 «Қош келдіңіз» телехикаясы
06.50 «Ана» телехикаясы
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.30 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
12.00 «Бизнес по-казахски в Турции» к/ф
14.00 «Сәке» телехикаясы
15.30 «Ана» телехикаясы
17.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
00.50 «Алпарслан 2» телехикаясы

6:00 «П@УТINA» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
